29 қараша
ноября

МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ
ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАСЛИХАТОВ



ӨМІР ЗАЯ БОЛМАСЫН ДЕСЕК...

6-БЕТ | ҚОҒАМ



ЕҢ ӘДЕМІ КИІМ – ҰЛТТЫҚ КИІМ

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

№124
(5022)
Сейсенбі
20 қазан
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ МЕРЕЙІ

Республика күні 25 қазан

Елордада ұлттық мерекеміз – Республика күнін ұлықтауға, егемен еліміздің мерейін өсіруге орай мәдени-танымдық, әлеуметтік-экологиялық және рухани-спорттық бағыттағы 120-дан аса іс-шара ұйымдастырылады. Сонымен қатар Ұлттық мереке қарсаңында Астанада бірқатар жаңа әлеуметтік нысандар ашылады.



ЕЛОРДАДА ЖҰМЫС КӨП

2026 жылдың тоғыз айында Enbek.kz электронды еңбек биржасында жарияланған бос жұмыс орындарының ең көп үлесі Астана қаласына тиесілі болды.

Елордадағы көрсеткіш 8,7 пайызды құрады, деп хабарлады Elordainfo.kz ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап. Министрліктің мәліметінше, қаңтар-қыркүйек аралығында жұмыс берушілер электронды еңбек биржасына 1 миллионнан астам бос жұмыс орнын орналастырған. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11,9 пайызға көп. 2025 жылдың тоғыз айында 978 мың бос жұмыс орны жарияланған болатын.

Биыл платформада ай сайын орта есеппен 120 мыңға жуық жұмыс орны ұсынылған.

Жұмыс берушілердің белсенділігі, әсіресе, қыркүйекте артқан. Сұраныстың артуы сауда, құрылыс, өңдеу өнеркәсібі және көлік салаларында байқалған.

БИЫЛ ENBEK.KZ ПЛАТФОРМАСЫНДА АЙ САЙЫН ОРТА ЕСЕППЕН

120 000

ЖУЫҚ ЖҰМЫС ОРНЫ ҰСЫНЫЛҒАН.



РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ АРНАЛАДЫ

Астанада 17-27 қазан аралығында Республика күніне орай «Republic Day» және «Bereke Fest» республикалық акциялары өтіп жатыр. Осы кезеңде елорда тұрғындары мен қонақтары азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды жеңілдетілген бағамен сатып ала алады, деп хабарлайды Астана әкімдігінің ресми сайты.

Мерекелік акция күндері елорданың сауда орталықтары мен дүкендерінде түрлі тауарларға жеңілдіктер мен жаппай сатылымдар ұйымдастырылады. Акцияларды Сауда және интеграция министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп қолға алды.

Акциялардың мақсаты – тұрғындар үшін тауарлардың қолжетімділігін арттыру, отандық өндірушілерді қолдау және ішкі сауданы дамыту.

Астанада «Republic Day» акциясына 10 сауда-ойын-сауық орталығы, ал «Bereke Fest» акциясына түрлі сауда желілерінің 48 сауда нысаны қатысады.

РОБОТ-ИТТЕР ҚАУІПСІЗДІКТІ БАҚЫЛАЙДЫ

Астанада қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтың алдын алу үшін төрт робот-ит қолданысқа енгізілді.



Қазіргі уақытта робот-иттер адам көп шоғырланатын сауда орталықтары мен қоғамдық орындарда жұмыс істеп, полиция қызметкерлеріне қоғамдық кеңістіктердегі жағдайды бақылауға көмектесіп жүр.

Робот-иттер жасанды интеллект технологияларымен жабдықталған бейнекамералар арқылы айналадағы жағдайды бақылап, бейнеақпаратты нақты уақыт режимінде тікелей Жедел басқару орталығына жеткізеді. Сондай-ақ олар іздеуде жүрген адамдарды анықтауға да көмектеседі. Робот-иттерге интеграцияланған жасанды интеллект жүйесі бет-әлпетті сәйкестендіреді. Осылайша, робот-иттер полиция қызметкерлеріне қоғамдық орындардағы ахуалды жедел бағалап, қажетті жағдайда тиісті шараларды уақытылы қабылдауға мүмкіндік беретін болды.

№124 (5022) 20/10/2026 Сейсенбі



ТАРИХИ МӘНІ ЗОР САПАР

Ақордада елімізге ресми сапармен келген Камбоджа Корольдігінің Премьер-министрі Хун Манетті қарсы алу рәсімі өтті. Салтанатты іс-шара барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Хун Манет бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт берген соң Президент оркестрі екі елдің әнұрандарын шырқады.

ТАРАПТАРДЫҢ ТАБЫСТЫ ТАЛҚЫСЫ

Содан кейін Мемлекет басшысы мен Камбоджа Премьер-министрі Ақорданың Шығыс залында шағын құрамда келіссөз жүргізді. Қазақстан Президенті мәртебелі мейманға ілтипат білдіріп, бұл сапар екіжақты қарым-қатынасқа тың серпін беретінін және өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту перспективасына жол ашатынын айтты. «Сапарыңыздың тарихи мәні зор деп санаймын. Өйткені бұған дейін Камбоджа премьер-министрлерінің Қазақстанға жолы түспеген. Ал Сіздің қазақ жерімен жеке байланысыңыз бар. Әкеңіз 1982 жылы елімізге келген екен. Бүгін екіжақты қарым-қатынастың ауқымды мәселелерін талқылаймыз. Қазақстан халқының еліңізге ықыласы ерекше. Көптеген отандасымыз Камбоджаға барып, оның көрікті жерлерімен танысқысы келеді. Елдеріміз арасында тікелей әуе қатынасын ашу мәселесін пысықтауымыз қажет. Сондай-ақ гуманитарлық саладағы байланыстарды жандандырғанымыз жөн» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстан мен Камбоджа табиғи байлығы мол елдер санатында екенін және аталған саладағы ықпалдастықты кеңейтуге болатынын айтты. Сонымен қатар келіссөздер барысында сауда-экономикалық байланыстарды нығайту мәселелері қарастырылатынын жеткізді.


Камбоджа Премьер-министрі Қазақстанға шақырғаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, екі ел арасындағы дипломатиялық байланыстар орнағанына 30 жылдан асқанын атап өтті. «Бүгін энергетика секторындағы ықпалдастықты тереңдету мүмкіндігі туып отыр деп ойлаймын. Ведомстволарымызға өзара мүдделі бағыттарды анықтауды тапсыра аламыз. Қазақстан электронды үкімет бойынша айтарлықтай табысқа қол жеткізді әрі озық әзірлемелерге ие. Біздің министрліктеріміз осы салада тәжірибе алмасуға қызығушылық танытып отыр» деді Хун Манет.

Кездесу барысында тараптар саяси диалогты, сауда-экономикалық байланыстар мен көпжақты алаңдардағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейту жайын жан-жақты талқылады.

БІРЛЕСКЕН ҚАДАМ ЖАСАЛДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Хун Манет кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Мемлекет басшысы келіссөз аясында Камбоджа Премьер-министрі Хун Манеттің Қазақстанға алғашқы сапары екіжақты қарым-қатынасты жандандыруға жол ашатынын және ортақ ниетті нақты іске ұластыруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

«Биыл екі ел арасында дипломатиялық байланыс орнағанына 32 жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде мемлекеттеріміз сындарлы саяси диалог жүргізіп, өзара тиімді ынтымақтастықты дәйекті түрде ілгерілетіп келеді. Біздің алдағы қадамдарымыз бүгін қабылдайтын Бірлескен мәлімдемеде көрініс тапқан. Сондай-ақ бірқатар құжатқа қол қоямыз. Қазақстан Камбоджаны Оңтүстік-Шығыс Азиядағы сенімді серіктесі және АСЕАН ұйымымен ықпалдастықты кеңейтудегі маңызды елдердің бірі ретінде қарастырады» деді Президент.



Қасым-Жомарт Тоқаев кездесуде Қазақстан мен Камбоджаның халықаралық аренада, соның ішінде БҰҰ жанындағы екі елдің тұрақты өкілдіктерінің қызметі аясында белсенді қарым-қатынасты жолға қойғанын атап өтті. Президент БҰҰ Бас ассамблеясының күн тәртібіндегі бірқатар мәселе бойынша Қазақстанның бастамаларына Камбоджаның қолдау көрсеткенін жоғары бағалады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Хун Манеттің басшылығымен Камбоджа әлеуметтік-экономикалық табыстарға қол жеткізгеніне тоқталды. Мемлекет басшысы Қазақстан Камбоджа Үкіметінің Cambodia Vision 2050 және Pentagonal Strategy бағдарламаларында межеленген ұзақмерзімді стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыру бағытындағы күш-жігерін қолдайтынын айтты.

АЙТАРЛЫҚТАЙ ӘЛЕУЕТ БАР

Президент жоғары технологиялар саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға айтарлықтай әлеует бар деп санайды. «Сіздің және делегацияңыздың елімізде жасанды интеллектіні дамыту бойынша қабылданып жатқан шараларға қызығушылық танытып отырғандарыңызды білемін. Бүгін Астанадағы Alem.ai халықаралық жасанды интеллект орталығында Қазақстанның осы салада қол жеткізген табыстарымен және негізгі әзірлемелерімен таныса аласыз. Еліміз БҰҰ-ның электронды үкіметті дамыту индексіне сәйкес, барлық бағытта оң динамика көрсетіп келеді. Ортақ ниет пен берік саяси ерік-жігер болса, өзара мүддемізге сай келетін көптеген бағыт бойынша ынтымақтастық аясын кеңейте алатынымызға сенімдімін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Премьер-министр Хун Манет екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстардың айрықша сипатына назар аударды. «Камбоджаның 120-дан аса студенті Қазақстанда білім алды. Бүгінде олардың көбі провинцияларда губернатор, мемлекеттік хатшы лауазымдарында еңбек етуде. Сонымен қатар мемлекеттік органдарда жауапты қызметтер атқарып жүр. Бұл елдерімізді ортақ тарих пен халықтарымыз арасындағы тығыз қарым-қатынас байланыстыратынын аңғартады» деді Премьер-министр.

Хун Манет Камбоджа азықтүлік қауіпсіздігі, ауыл шаруашылығы және өңдеу өнеркәсібі салаларында ықпалдастықты жандандыруға ниетті екенін айтты.

Тараптар жоғары деңгейде жүргізілген бүгінгі келіссөздер елдеріміз арасындағы сауда-саттық көлемін ұлғайтып, іскерлік барыс-келісті нығайтуға және серіктестің тың бағыттарын жолға қоюға ықпал ететініне сенім білдірді. Келіссөздер қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Хун Манет Бірлескен мәлімдеме қабылдады.

Қазақстан Президенті мен Камбоджа Премьер-министрінің қатысуымен үкіметаралық және ведомствоаралық құжаттар алмасу рәсімі өтті:

1. Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі мен Камбоджа Корольдігі Пошта және телекоммуникациялар министрлігі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум;

2. Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы мен Камбоджа Корольдігі Ішкі істер министрлігі арасында цифрлық үкімет, GovTech және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар салалары бойынша ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;

3. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі мен Камбоджа Корольдігі Сауда министрлігі арасында сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Камбоджа Корольдігі Мәдениет және көркем өнер министрлігі арасында мәдениет пен өнер салалары бойынша ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;

5. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі мен Камбоджа Корольдігі Туризм министрлігі арасындағы туризм саласы бойынша өзара түсіністік туралы меморандум;

6. Астана мен Пномпень қалалары арасында бауырластық байланыс орнату туралы меморандум.

ҮКІМЕТ

КАМБОДЖАҒА НЕ ЭКСПОРТТАЙМЫЗ?

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов Астанаға алғашқы ресми сапармен келген Камбоджа Корольдігінің Премьер-министрі Хун Манетпен келіссөздер жүргізді.



Қазақстан Камбоджаны Оңтүстік – Шығыс Азиядағы маңызды және сенімді серіктес ретінде қарастырады. Үкіметтік делегациялар сауда және инвестициялық салалардағы ынтымақтастықтың әлеуетін ашу іс-шараларын талқылады. Агроөнеркәсіп және көлік-логистикалық кешендердегі, цифрландыру мен жасанды интеллекттегі, сондай-ақ туристік және гуманитарлық байланыстарды дамыту саласындағы өзара іс-қимыл мәселелері қаралды. Тауар номенклатурасын кеңейту және іскер топтар арасында жаңа тікелей байланыстар орнату бағыттары айтылды. Камбоджаның қаржы және іскерлік қоғамдастығының өкілдері бірлескен жобаларды жүзеге асыру және өңірде инвестициялық қатысуды кеңейту үшін АХҚО мүмкіндіктерін пайдалануға шақырылды.

Агроөнеркәсіп кешенінде Премьер-министр Олжас Бектенов Камбоджа нарығына қазақстандық дәнді дақылдарды, өсімдік майларын, ет және ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу өнімдерін жеткізуге қызығушылық білдірді. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және сақтау, заманауи ирригациялық технологияларды енгізу және аграрлық кооперацияны дамыту саласындағы бірлескен жобалардың перспективалары қаралды. Көлік-логистика саласында Транскаспий халықаралық көлік бағытын Қытай – Лаос – Вьетнам – Камбоджа дәлізімен ұштастыру мүмкіндіктері талқыланды. Бұл бастама Оңтүстік – Шығыс және Орталық Азия арасындағы көлік байланыстарын кеңейтуге және еуропалық нарықтарға жүктерді жеткізу үшін қосымша жағдай жасауға мүмкіндік береді. Екіжақты әріптестіктің перспективалы бағыттарының ішінде цифрландыру және жасанды интеллект, туризм салалары да аталған. Кездесу қорытындысы бойынша Қазақстан – Камбоджа қатынастарын одан әрі дамытуға, іскерлік байланыстарды кеңейтуге және сауда-экономикалық ынтымақтастықтың басым бағыттары бойынша бірлескен бастамаларды практикалық жүзеге асыруға дайындық расталды.

№124 (5022) 20/10/2026 Сейсенбі



БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты жиынға қатысушыларды Құтқарушы күнімен құттықтап, төтенше жағдай саласының қызметшілеріне ризашылығын білдірді.

ОТАНШЫЛ АЗАМАТ, БІЛІКТІ МАМАН

«Құтқарушы» сөзінің мағынасы – өте кең әрі терең. «Құтқару» – әрдайым игі іс жасаумен, жақсылық істеумен байланысты ұғым. Адам өміріне араша түсу, азаматтарды қауіп-қатерден қорғау, оқыс жағдайға тап болған адамдарға қол ұшын созу, тіпті, олардың қорқынышын басып, жұбату сөз айту – осының бәрі де нағыз құтқарушының бойынан табылатын асыл қасиеттер. Сондықтан халқымыз сіздерді, яғни еліміздің барша құтқарушы мамандарын бейбіт күннің батырлары деп атайды. Бұл – шын мәнінде әділетті баға. Әрине, құтқарушы болу көптің алғысына бөлейтін абыройлы және мәртебелі қызмет екені сөзсіз. Алайда азаматтық қорғаныс саласында адал еңбек ету бәрінің қолынан келе бермейтін шаруа екенін де ұмытпауымыз қажет. Батыл, қайсар, ширақ әрі өжет болу – өз алдына өте маңызды талап екені даусыз. Бірақ құтқарушы ең алдымен елге жаны ашитын отаншыл азамат және білікті маман болуға тиіс. Осындай күрделі жұмысты рухы мықты, жауапкершілігі жоғары, жүректі адамдар ғана таңдайды» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев төтенше жағдай саласының қызметшілері ешқандай қауіп-қатерден тайсалмайтын, сын-сағатта жедел шешім қабылдай алатын, арнайы даярлықтан өткен нағыз кәсіби мамандар деп есептейтінін айтты. «Құтқарушылардың еңбегі қашанда еліміздің көз алдында. Сіздер күн сайын тәуекелге барып, кәсіби міндет пен жауапкершілікті бәрінен биік қоясыздар. Басқаша айтқанда, от пен судың ортасында жүресіздер. Төтенше жағдайға түскен адамдарға жәрдем беріп, оларды қиындықтан құтқару үшін қажымай қызмет етесіздер. Құтқарушылар кез келген төтенше жағдайда бірінші болып көмекке ұмтылады. Олар өзгенің өмірін сақтау үшін, өз өмірін қатерге тігеді. Бұл – нағыз құтқарушыға тән батырлық. Мен Мемлекет басшысы ретінде сіздердің ерен еңбектеріңіз қоғамымыздың айрықша сый-құрметіне лайықты деп санаймын» деді Президент.

ЕЛДІҢ МЫЗҒЫМАС ТІРЕГІ

Мемлекет басшысы қазір еліміз түбегейлі жаңғыру мен өзгеріс жолына нық сеніммен қадам басқанын атап өтіп, қоғамның барлық саласында ауқымды реформалар жүзеге асырылғанына тоқталды. «Еліміздің басты мақсаты да, міндеттері де – айқын. Біз біртұтас қоғам болып заң мен тәртіп үстемдік құратын, ынтымағы мықты, бірлігі бекем, Әділетті, Озық, Күшті және Таза Қазақстанды құрып жатырмыз. Жалпы халық қолдаған жаңа Конституциямыз 1 шілде күні заңды күшіне енді. Бұл – бүкіл еліміз үшін тарихи оқиға. Конституциямызға көптеген ел зор ықыласпен назар аударды. Өйткені Конституция жарқын болашаққа жол ашатын қастерлі құжатымыз, ұлтымыздың темірқазығы ретінде заман талабына сай мүлде жаңа сипатқа ие болды. Конституцияда адам және оның өмірі ең жоғары құндылық екені айқын жазылды. Азаматтық қорғаныс саласының әр қызметкері адам өмірін қорғап, Конституциямыздың осы мызғымас құндылығын сақтауға зор үлес қосуда. Сондықтан еліміздің барша құтқарушыларын қауіпсіз Қазақстанның мызғымас тірегі десек, артық болмайды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, ұлтымыздың болашағына тікелей әсер ететін осындай іргелі өзгерістердің арқасында мемлекеттік басқару жүйесі толық жаңғырды. «Елімізде бір палаталы Құрылтай жұмыс істей бастады. Конституциялық мәртебесі бар ең жоғары консультативтік орган – Қазақстан Халық Кеңесі де өз жұмысына кірісті. Қауіпсіздік Кеңесінің реформасы жүргізілді. Таяу арада барлық деңгейдегі мәслихаттардың сайлауы өтеді. Қазіргі таңда менің тапсырмаммен еліміздің Қарулы күштерін реформалау, жаңа үлгідегі әскер жасақтау жұмысы басталды. Қазақстанның армиясы қазіргі заманның әскери талабына сай, басқа сөзбен айтқанда, әрбір қауіп-қатерге тойтарыс беруге дайын озық, мықты қарулы күш болуға тиіс. Себебі Қазақстанның тәуелсіздігі мен егемендігін көздің қарашығындай қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын сақтау мемлекетіміздің стратегиялық міндеті саналады» деді Мемлекет басшысы.

«АУЫЛ ҚҰТҚАРУШЫЛАРЫ» – ТИІМДІ БАСТАМА

Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтық қорғаныс саласын дамыту үшін озық технологияларды енгізу және материалдық-техникалық әлеуетті нығайту маңызды екеніне назар аударды. «Кейінгі бес жылда құтқарушыларымыз 75 мыңнан астам жедел шақырту бойынша 240 мыңға жуық азаматқа көмек көрсетті. Мемлекет азаматтық қорғаныс жүйесін одан әрі дамытуға ерекше көңіл бөліп отыр. Бүгінде бұл салаға қойылатын талап түбегейлі өзгеруде. Ең басты міндет – апаттың алдын алу. Сондықтан осы салаға озық технологияны және жасанды интеллектіні енгізу аса маңызды. Құтқару қызметінің материалдық-техникалық әлеуетін нығайту да – өзекті мәселе қатарында. Қазір бұл бағытта ауқымды шаруа атқарылып жатыр. Соңғы үш жылда 3 мыңдай техника, соның ішінде жаңа ұшақтар мен тікұшақтар, сан алуан қызмет көрсетуге арналған кемелер сатып алынды. 60-қа жуық өрт сөндіру депосы мен құтқару станциясы салынды. Төтенше жағдайлар министрлігінің осыдан екі жыл бұрын құрылған ахуалдық орталығы азаматтық қорғаныс жүйесін басқаруға арналған маңызды құрылымға айналды. Соның арқасында тұрақты бақылау, қауіп-қатерді алдын ала болжау, жедел шешім қабылдау жұмысы оң нәтиже бере бастады, – деді Президент.

Мемлекет басшысы өндіріс орындарындағы, кеніштердегі, сондай-ақ шалғай елді мекендердегі қауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аударылып жатқанын тілге тиек етті. «Құтқару жұмыстарының тиімділігін арттыру үшін өндірістік қауіпсіздік саласына цифрлық технологиялар мен инновациялық шешімдер енгізіліп жатыр. Бұдан бөлек, шалғай елді мекендердің қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінуде. Осы бағытта «Ауыл құтқарушылары» бастамасы қолға алынды. Жоба аясында кейінгі екі жылда 300-ге тарта өрт сөндіру бекеті құрылды. Нәтижесінде 450-ге жуық өрт дер кезінде тоқтатылды. Осы игі тәжірибені бүкіл ел аумағында кеңінен қолдану қажет. Тағы бір маңызды мәселе. Мемлекет тарапынан құтқарушыларға жан-жақты қолдау көрсетілуге тиіс. Азаматтық қорғаныс саласы мамандарын заман талабына сай техникамен, қажетті қорғаныс құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ету – аса маңызды міндет. Құтқарушылардың кәсіби даярлығын үнемі жетілдіріп отыру керек. Сонымен бірге олардың мейлінше қауіпсіз жағдайда еңбек етуін қамтамасыз ету қажет. Мұның бәрі де – өте өзекті міндеттер, Үкімет осы міндеттерге назар аударуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҰҚЫПТЫЛЫҚ – ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ АРҚАУЫ

Президент қазіргі кезде құтқарушылар жағдайды сарапқа тай білуі, батыл болуы, жедел шешім қабылдап, кез келген қолайсыз ахуалдан жол табуы қажет деп санайды. «Денені шынықтырумен бірге заманауи технологиялардың тілін білген жөн. Мәселен, ұшқышсыз аппараттардың және автоматтандырылған жүйелердің кеңінен қолданыла бастауы арнайы білім мен құзыретті талап етеді. Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғаныс академиясы төтенше жағдайлар қызметкерлерінің жаңа буынын даярлауда негізгі рөл атқарады. Бұл – тұтас саланың ұстаханасы саналатын еліміздегі бірден-бір жоғары оқу орны. Академия уақыт талабына сай әлемдегі үздік тәжірибелерді қолданып, күрделі құтқару операцияларын зерделеуі керек. Сонымен қатар қазақстандық құтқарушылар мектебінің озық дәстүрлерін нығайта отырып, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты сақтау қажет. Біздің азаматтық қорғау органдары төтенше жағдаймен күресте елімізде де, одан тысқары жерлерде де кәсібилігімен көзге түсіп жүр» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет өз азаматтарына қай жерде болса да көмек қолын созатынын еске салды. Мемлекет басшысы атап өткендей, бұл қағидаттар Конституциямызда көрініс тапқан. Ата заңымызда ең алдымен адам өмірі мен қауіпсіздігін сақтау, оның құқығын қорғау ең жоғары құндылықтар ретінде қарастырылады. Осы орайда Президент қауіпсіздік әр адамның жеке жауапкершілігінен басталатынын алға тартып, бейқамдық пен салғырттықты кез келген қоғамды артқа тартатын қасиеттер ретінде атады. «Дегенмен апатқа көбіне адамдардың өзі себеп болатынын мойындау керек. Егер әркім өзіне тапсырылған жұмысты тиянақты орындаса, апаттардың алдын алып, адамдардың өмірін сақтауға болар еді. Кейбіреулердің немқұрайдылығы мен салғырттығының салдары тым қымбатқа түседі. Қоғам қауіпсіздігі әр жанның ішкі тәртібіне байланысты қалыптасады. Сондықтан ежелден адам бойындағы жинақылық, тәртіптілік пен жауапкершілік секілді қасиеттер жоғары бағаланады. Тиянақты, ұқыпты, жауапкершілігі жоғары азаматтар – өркениетті және қауіпсіз қоғамның арқауы. Біз озық ойлы ұлт боламыз десек, өскелең ұрпаққа заңды құрметтеу, тәртіпке бағыну, табиғатты аялау құндылықтарын аманат етуіміз керек. Бұл қасиеттер қоғамдағы жаңа этиканың айнымас өлшемі болуға тиіс. Қиналған адамға көмек қолын созу – ұлтымыздың болмысына сіңген дағды. Мұны жауапкершілік пен жанашырлықтың озық үлгісін көрсетіп, бейбіт күнде ерен ерлік жасап жүрген азаматтарымыз нақты ісімен дәлелдеп жүр. Мемлекет осындай адамдарды ешқашан назардан тыс қалдырмайды, оларға лайықты құрмет көрсетеді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сала мамандары өздеріне жүктелген міндетті адал атқарып, әрдайым ел игілігі үшін қызмет етіп келе жатқанын айтты. «Жұртымыз құтқарушылардың қажырлы еңбегіне қашанда орасан зор құрметпен қарайды, сіздерді жоғары бағалайды. Бүгін біздің ортамызда ауылдық жерлерде өрт қауіпсіздігі инфрақұрылымын дамытуға елеулі үлес қосқан азаматтар да отыр. Бұл шын мәнінде әлеуметтік жауапкершілігі жоғары және отаншыл адамдарға тән әрекет екені сөзсіз» деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаев қызметтік борышын атқару кезінде көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін бір топ азаматқа мемлекеттік наградалар табыстады.

ГУБЕРНАТОРДЫ «ДОСТЫҚ» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресейдің Ленинград облысының губернаторы Александр Дрозденконы қабылдады. Кездесу барысында Қазақстан мен Ресейдің стратегиялық серіктестігін дамытуда өңіраралық ықпалдастықтың маңызды рөл атқаратыны атап өтілді.



Қасым-Жомарт Тоқаев Ленинград облысының өнеркәсіп және көлік-логистика салаларындағы айтарлықтай әлеуетіне тоқталып, Қазақстан аталған аймақпен тиімді ынтымақтастық аясын кеңейтуге дайын екенін растады. Президенттің айтуынша, Ленинград облысымен сауда-экономикалық қарым-қатынастар қарқынды дамып келеді. Былтыр өзара тауар айналымы 400 миллион доллардан асқан.

Александр Дрозденко қонақжайлық танытқаны үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, Ресей Президенті Владимир Путиннің сәлемін жеткізді. Губернатор Ұлы Отан соғысы жылдарында Ленинград үшін шайқасқан қазақстандықтардың батырлығы мен қаһармандығын ерекше атап өтті. Сонымен қатар олардың ерлігі туралы естеліктер көздің қарашығындай сақталатынына назар аударды.

Әңгімелесу барысында өнеркәсіп, атом энергетикасы, көлік және агроөнеркәсіп кешені салаларында бірлескен жобаларды жүзеге асыру перспективасы, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық бағыттағы ынтымақтастықты тереңдету мүмкіндіктері талқыланды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Ресей арасындағы одақтастық қатынастарды нығайтуға қосқан үлесі үшін Александр Дрозденконы II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

№124 (5022) 20/10/2026 Сейсенбі

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Елорданың жол-көлік инфрақұрылымын кешенді дамыту аясында биыл 50-ге жуық жол нысанында жұмыс жүріп жатыр. Жыл соңына дейін тағы 15 шақырым жол салынады. Бұл қаланың көлік қозғалысын жақсартып, көлік жиі қатынайтын жол учаскелеріндегі кептелісті азайтуға мүмкіндік береді. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Instagram парақшасында жазды.



«Тәуелсіздік көшесінің Қабанбай батыр даңғылынан Хусейн бен Талал көшесіне дейінгі құрылысы» жобасы бойынша инженерлік желілерді, нақтырақ айтқанда, нөсер кәрізі желісі мен шаруашылық-тұрмыстық кәріз жүйесін, кабельдік арнаны, жылу трассасын және байланыс желілерін, сондай-ақ кәріз сорғы станциясын (КСС) салу жұмысы істелуде. Қазіргі уақытта жол төсемін салу жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Аталған жобаны іске асыру Мәңгілік ел мен Тұран даңғылдарындағы көлік кептелісін азайтуға, сол сияқты сол жағалаудағы құрылыс жұмысы қарқынды жүріп жатқан Хусейн бен Талал көшесі аумағын қажетті инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қараша айының соңына дейін учаскенің бойында жолдың бір жағымен көлік қозғалысын толықтай қамтамасыз етуді жоспарлап отырмыз» деп атап өтті қала әкімі.

Жол жөндеу және құрылыс жұмысы елорданың барлық ауданында жүріп жатқанын еске салған Жеңіс Қасымбек мердігер ұйымдарға белгіленген мерзімдерді қатаң сақтау және тиісті сапада орындалуын қамтамасыз ету тапсырылғанын айтты.

– Жангелдин көшесінің құрылысы К.Күмісбеков және Ш.Бейсекова көшелерінің арасындағы көлік қатынасын қамтамасыз етеді, сол сияқты №65 мектеп-гимназиясына, техникалық колледжге және «Білім-Инновация» мектеп-интернатына көлікпен жетуді ыңғайлы болмақ. Қазіргі уақытта инженерлік желілерді жүргізу және жол төсемін салу жұмысы жүріп жатыр. Биыл 10 қарашаға дейін жобаның барлық учаскесінде көлік қозғалысын қамтамасыз етуді жоспарлап отырмыз. «Н.Тілендиев даңғылы мен Ш.Бейсекова көшесінің қиылысында екі деңгейлі жолайрық салу» жобасы аясында құрылыс жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Көпірдің металл конструкциясын құрастыру жұмысы толық аяқталды. «Астықжан» сауда үйі жағындағы учаскеде асфальтбетон жабынының екінші қабатын төсеу жұмысы аяқталды, – деді қала басшысы.

– Инженерлік коммуникацияларды тарту бойынша негізгі жұмыстың 90%-ы аяқталды. Су құбыры, шаруашылық-тұрмыстық және нөсер кәрізі желілері, жылу желілері мен байланыс желілері салынды. Сонымен қатар, Сейфуллин көшесі жағында да жұмыс қарқынды жүріп жатыр. Қазіргі уақытта жол төсемін салу және асфальт төсеу үшін негіз дайындау жұмысы атқарылуда, сондай-ақ инженерлік желілерді жүргізу жұмысы жүріп жатыр, – деді Ж.Қасымбек.

Жобаны жүзеге асыру Ақан сері, Ш.Қосшығұлұлы және К.Күмісбеков көшелеріндегі көлік жүктемесін азайтып, Көктал мен Агроқалашық тұрғындарының қатынасын жақсартуға ықпал етеді. Сонымен қатар, жаңа жолайрық елорданың сол жағалауы мен оң жағалауын байланыстырып, Ш.Айтматов көшесі арқылы Үркер елді мекеніне қатынайтын көліктердің қозғалысын жеңілдетеді.




«Тілендиев даңғылынан Бейбарыс Сұлтан көшесіне дейінгі учаскеде Абайдың 150 жылдығы көшесін салу» жобасы іске асырылып жатыр. Қазіргі уақытта жол төсемін салу жұмысы жүргізілуде. Жыл соңына дейін көлік қозғалысын қамтамасыз ету жоспарланып отыр. «Пригородный елді мекеніндегі көшелерді салу. Местная 7 және Е522 көшелері (жобалық атаулары)» жобасы аясында Е522 көшесінде нөсер суы кәрізі салынды. Қазіргі уақытта су құбыры желілерін салу және жол төсемі жұмысы жүріп жатыр. Қазіргі уақытта асфальтбетон жабынының төменгі қабатының 600 метріне асфальт төселді. Қазан айының соңына дейін Е522 көшесінде көлік қозғалысын қамтамасыз ету жоспарланып отыр» деп қосты қала әкімі.

«TARLAN ASTANA»: СҰРАНЫСҚА ИЕ КӨЛІК

«Tarlan Astana» жеңіл рельсті көлік жүйесі іске қосылғалы бері жолаушылар тасымалының көлемі 11,5 миллионға жуықтады. Бұл көлік қала тұрғындары арасында сұранысқа ие. Қала әкімі Жеңіс Қасымбек бұған қоса елорданың көлік инфрақұрылымын әрі қарай дамытуға бағытталған жобаның екінші кезеңін іске асыру жұмысы қатар жүргізіліп жатқанын баяндады.

Әкімнің айтуынша, құрылыс жұмысы бірнеше бағыт бойынша жүріп жатыр. Бірінші, Қосшы қаласына қарай. Тіректерді, эстакадалық құрылымдар мен станцияларды салу бойынша құрылыс-монтаж жұмысы жүріп жатыр. Қазіргі уақытта 294 тірек (97%) орнатылып, 385 эстакадалық құрылым (73%) монтаждалды. 2026 жылдың соңына дейін №401, 402 және 403 станцияларда бетондау жұмысын аяқтау жоспарланып отыр. Бұл бағытта барлығы үш станция салу көзделген.



Екінші, «Жағалау» шағын ауданына қарай. Жоба аясында сегіз станция салу көзделген. Геологиялық зерттеу жұмысы аяқталды. Қазіргі уақытта қоршаулар орнату, сондай-ақ құрылыс-монтаж жұмысын бастау үшін инженерлік желілерді көшіру және қайта орнату жұмысы жүріп жатыр.

Үшінші, «Астана-1» теміржол вокзалына қарай бағыт (оң жағалау). Бұл бағытта №201 ауысып міну станциясын есепке алғанда, тоғыз станция салу көзделген. Геологиялық зерттеу жұмысы аяқталды.

Төртінші, Сығанақ даңғылының бойында (Қабанбай батыр мен Тұран даңғылдарының арасындағы учаскеде) №201/301 станцияларының ауысып міну торабын салу жұмысы жүріп жатыр.

– Қазақ радиосы көшесі мен Қабанбай батыр даңғылының арасындағы учаскеде екі тірекке бетон құю жұмысы аяқталды. Сондай-ақ қадалар мен арқалықтарды орнату жұмысы жүріп жатыр. Өзге учаскелерде алдағы құрылыс-монтаж жұмысына дайындық жүргізілуде. Жеңіл рельсті көлік желісін дамыту – елордамызда заманауи әрі қолайлы көлік жүйесін қалыптастыру жолындағы маңызды қадам, – деді қала әкімі.

29 қараша
МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

АЗАМАТТАРДЫ САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 29 қарашада Қазақстан Республикасының мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтеді.

Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды.

Сайлаушылар тізімдеріне дауыс беру күніне он сегіз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие және тұрғылықты жері бойынша сайлау округінің тиісті сайлау учаскелері аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі.

Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген олардың өтініші негізінде дауыс беру күніне дейін **отыз күннен кешіктірмей, яғни 2026 жылғы 29 қазанға** дейін енгізіледі.

Әкімдік азаматты ол дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады.

Азамат тек бір ғана сайлаушылар тізіміне енгізіле алады.

2026 жылғы 13 қарашадан бастап сайлаушыларға нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміндегі немесе тиісті әкімдіктің колл-орталығы арқылы өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі.

Астана қаласының аумақтық сайлау комиссиясы

ТАРИФТЕР МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана қаласының Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы өтті. Жиында қала тұрғындарының күнделікті өміріне әсер ететін төрт маңызды мәселе қаралды. Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе – елордада сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төленетін базалық ай сайынғы төлем мөлшерлемелерін арттыру.

Шапағат ӘБДІР



Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы «Астана қаласының Урбанистика орталығы» ЖШС-пен бірлесіп әзірлеген мәслихат шешімінің жобасын басқарма басшысы Руслан Жақыпов таныстырды. Оның айтуынша, қазіргі уақытта елордада ай сайын 7 мыңнан астам сыртқы жарнама нысанына мониторинг жүргізіледі. Олардың жалпы төлем сомасы 250 млн теңгеден асады. Алайда жарнамалардың 80 пайыздан астамы тиісті хабарлама берілмей, өз бетінше орналастырылған.



Қолданыстағы тәртіп бойынша заң талаптарын сақтап, тиісті хабарлама берген кәсіпкерлер мен жарнаманы рұқсатсыз орналастырған субъектілер үшін төлем мөлшері бірдей. Ұсынылып отырған жоба рұқсатсыз орналастырылған жарнамаға қатысты төлем мөлшерлемелерін арттыруды көздейді. «Жобаның негізгі мақсаты – сыртқы жарнама орналастыратын субъектілердің жауапкершілігін арттырып, жарнама қызметін ретке келтіру. Сонымен қатар қаланың сәулеттік келбетін сақтап, жарнама құрылымдарының Астана қаласының дизайн-код талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету маңызды» деп атап өтті Руслан Жақыпов.

Ал Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының басшысы Асхат Қарағойшин өз баяндамасында қалалық және қала маңындағы бағыттардағы жол жүру ақысын реттеуге, тарифтік саясатты жетілдіруге және жолаушылар тасымалы жүйесін үйлестіруге бағытталған ұсыныстарын айтып өтті. Оның ішінде қалалық және қала маңындағы тұрақты автомобиль тасымалының тарифтерін қайта қарау, сондай-ақ қалалық маршруттарды субсидиялау тәртібіне қатысты нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу мәселелері қамтылды.

Ұсынылған материалдарға сәйкес, Астанада жол жүру ақысы 90 теңге мөлшерінде 2014 жылы белгіленіп, кейін бір рет 110 теңгеге дейін көтерілген. Осы уақыт аралығында тасымалдаушылардың пайдалану шығындары айтарлықтай өскен. Атап айтқанда, дизель отынының литрі 107 теңгеден 329 теңгеге дейін қымбаттап, жүргізушілердің еңбекақысы мен автобус паркін күтіп ұстау шығындары да артқан. Осыған байланысты 1 желтоқсаннан бастап жол жүру ақысын қолма-қол ақшасыз төлем кезінде 150 теңге мөлшерінде белгілеу ұсынылып отыр.

Қоғамдық кеңес мүшелері ұсынылған бастамаларды талқылау барысында қала тұрғындарының, қала маңындағы елді мекендер халқының және тасымалдаушы кәсіпорындардың мүдделері арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажеттігіне назар аударды.



МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗІ – БЕРІК ОТБАСЫ

Республика күні күнтізбедегі жай ғана мереке емес. Бұл – елдің, жердің, тәуелсіздіктің қадірін тереңірек сезінетін ерекше күн. Мен үшін Қазақстан картадағы шекарадан басталмайды. Қазақстан отбасынан, туған үйден, ата-анамыз сөйлеген тілден, тарихымыз бен дәстүрімізге деген құрметтен басталады. Бұл – сенің тамырың осы жерде, тарихың осы елмен байланысты, ал балаларыңның болашағы осы мемлекетпен сабақтас екенін сезіну.

1990 жылғы 25 қазанда Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл – еліміздің дербес мемлекет ретінде қалыптасуына жол ашқан тарихи шешімдердің бірі.

Бүгінде біз бейбітшілік пен тұрақтылықтың, тәуелсіздіктің бағасын бұрынғыдан да терең түсініп келеміз. Әлемдегі түрлі қақтығыс пен тұрақсыздықты көрген сайын бейбіт аспан астында өмір сүріп, бала өсіріп, еңбек етіп, ертеңгі күнге жоспар құрудың өзі үлкен құндылық екенін сезінесің.

Мен үшін патриотизм тек Ту мен Әнұранға құрмет немесе Отан туралы әдемі сөз айту ғана емес. Патриотизм жауапкершіліктен басталады. Өз отбасыңа, бала тәрбиесіне, ата-анаңа, туған қалаң мен ауылыңа, атқарып жүрген ісіңе, қоғамға деген жауапкершіліктен. Сондықтан мен үшін отбасы тақырыбының орны ерекше. Өйткені бала Отан деген ұғымды алғаш рет отбасында сезінеді. Ана тілін үйде естиді. Үлкенге құрмет пен кішіге қамқорлықты отбасынан көреді. Өзінің кім екенін, қайдан шыққанын, қандай халықтың ұрпағы екенін де ең алдымен ата-анасынан біледі. Осы ойдан менің «Отбасы өнегесі» жобам да дүниеге келді. Жоба аясында біз ата-аналармен, психологтармен, түрлі буын өкілдерімен отбасы құндылықтары, бала тәрбиесі, әке мен ананың рөлі, ұрпақтар сабақтастығы, дәстүр мен жауапкершілік туралы ашық әңгімелесеміз. Осындай жобалар арқылы мен патриотизм ұғымын тереңірек түсіндіруге өз үлесімді қосқым келеді. Себебі Отанға деген сүйіспеншілікті бір күнде немесе бір ұранмен қалыптастыру мүмкін емес. Ол туған үйге деген сүйіспеншіліктен, ата-анаға құрметтен, ана тіліне, ұлттық мәдениет пен дәстүрге деген ықыластан басталады.

Меніңше, қуатты мемлекеттің негізі – берік отбасы. Ал берік отбасының негізі – ұрпаққа сөзбен емес, өз ісімізбен жеткізетін құндылықтар. Балаларымыздың «Мен Қазақстанды жақсы көремін» деп қана айтқанын емес, сол сөздің жауапкершілігін сезінгенін қалаймын. Елді сүю – оның тарихын құрметтеу, тілін қадірлеу, жерін қорғау, адал еңбек ету, қоғамға пайдаңды тигізу және келер ұрпаққа мықты мемлекет қалдыру. Республика – ол бәріміз. Ал ертеңгі Қазақстанның қандай болатыны бүгін балаларымыздың бойына қандай құндылық сіңіретінімізге тікелей байланысты. Қазақстанымыз қуатты, әділетті, бірлігі бекем мемлекет болсын! Әр шаңырақта береке, әр баланың жүрегінде еліне деген мақтаныш болсын!

Назгүл МАҚЖАН,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары

ЕЛДІ ТАНУ БАЛАБАҚШАДАН БАСТАЛАДЫ

Бас қаладағы барлық мемлекеттік және жекеменшік балабақшаларға Республика күні қарсаңында 5 жастағы балаларға арналған «Сарыарқатану» бағдарламасы енгізілді. Бағдарлама бүлдіршіндерді елорданың тарихымен, табиғатымен және мәдениетімен таныстырып, туған жерге сүйіспеншілікпен, ал қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруға бағытталған.

Балабақшаларда балалардың Қазақстанның өзге өңірлерін танып-білуіне және зерттеуге қызығушылығын арттыруға арналған «Eltanu» эксперимент алаңы жұмыс істейді. Бағдарлама мазмұны Сарыарқа өңірі мен Астана қаласының тарихын, табиғатын және мәдениетін өзара сабақтастықта таныстыруға негізделген. Балалар Сарыарқаның ежелгі мекен ретіндегі ерекшеліктері мен өңірден шыққан танымал тұлғалар туралы жасына сай мағлұмат алып, туған өлкенің өсімдіктері мен жануарлар дүниесін, өзен-көлдерін, Есіл өзені мен елорда саябақтарын танып, ауа райының маусымдық өзгерістерін бақылау арқылы табиғатқа ұқыпты қарауға үйренеді.



Астана қаласына арналған тақырыптар аясында тәрбиеленушілер елорданың қалыптасуы мен дамуы, аудандары, оң және сол жағалауы, алғашқы және басты көшелері туралы түсініктерін кеңейтеді. Сонымен қатар қаланың сәулетті ғимараттары, тарихи-мәдени ескерткіштері, көне нысандары, музейлері мен театрлары сияқты қызықты орындарымен танысып, елордада қалыптасқан дәстүрлерді зерделейді.

Бағдарламаны жүзеге асыруда оның мазмұнын күн тәртібіне кіріктіру тәсілі тиімді қолданылады. Таңғы қабылдау, серуен, ойын, бейнелеу әрекеті мен ертегі тыңдау барысында бағдарлама элементтері жүйелі түрде енгізіледі. Мысалы, серуен кезінде табиғат құбылыстарын бақылау, ал бейнелеу әрекетінде Сарыарқа табиғатының суретін салу балалардың танымдық және шығармашылық қабілетін арттырады. Сонымен қатар ұйымдастырылған іс-әрекеттерде бағдарлама мазмұнын меңгерту үшін ойын технологиялары мен шығармашылық тапсырмалар кеңінен қолданылады. Балалар сурет салу, жапсыру және әңгіме құрастыру арқылы өз ойын еркін жеткізуге үйренеді. Бұл жұмыстар олардың эстетикалық талғамын қалыптастырып, өзіндік пікірін білдіру дағдысын жетілдіреді.

Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде балалардың туған жер туралы танымы кеңейіп, олардың қоршаған ортаға деген қызығушылығы артады. Тәрбиеленушілер Сарыарқаның табиғи ерекшеліктерін, Астана қаласының көрікті жерлерін танып, табиғатты қорғау жолдары туралы өз ойын жеткізе алады. Сонымен қатар олардың бойында туған жерге деген мақтаныш, жауапкершілік және елжандылық сезімдері қалыптасады.

Бағдарлама аясында балабақшаларда «Eltanu» эксперимент алаңы енгізілді. Жалпы, «Eltanu» бағдарламасы балалардың Қазақстанның кең-байтақ жерін, табиғатын, тарихы мен мәдениетін танып-білуіне, зерттеуге қызығушылығын арттыруға бағытталған. Туған өлкеден бастау алған танымдық ізденіс еліміздің өзге өңірлерімен танысуға ұласып, балалардың дүниетанымын кеңейтуге, ұлттық мұраға құрметі мен Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ОТАНСҮЙГІШ ОҚУШЫЛАР

Қадыр Мырза Әлі атындағы Binom school мектеп-лицейінде Республика күніне орай оқушылардың азаматтық ұстанымын нығайтып, отансүйгіштік рухын қалыптастыруға бағытталған сынып сағаты өтті.

Іс-шара аясында 1-4-сынып оқушыларына «Менің Қазақстаным», ал 9-11-сынып білім алушыларына «25 қазан – Республика күні» тақырыптарында тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Бастауыш сыныптарда оқушылар туған жер, Отан, Мемлекеттік рәміздер туралы білімін толықтырып, Қазақстанға деген сүйіспеншілігі мен мақтанышын арттыруға мүмкіндік алды. Ал жоғары сыныптарда елдің егемендікке қол жеткізу жолы, мемлекеттік тәуелсіздіктің тарихи негіздері және Қазақстанның даму кезеңдері талқыланды.

Тәрбие сағаты «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарына негізделіп, оқушылардың жас ерекшелігіне сай өтті. Сабақ барысында интерактивті тапсырмалар, танымдық сұрақтар, пікір алмасу, шығармашылық жұмыстар мен топтық талқылау әдістері қолданылды. Бұл тәсілдер оқушылардың тарихи танымын кеңейтіп, азаматтық жауапкершілігін арттыруға ықпал етті.

Ұйымдастырылған бірыңғай сынып сағаты жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарды құрметтеуіне, ел тарихын тереңірек тануына және Қазақстанның болашағына жауапкершілікпен қарауына бағытталған тәрбие жұмысының маңызды бөлігі болды.



ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУ ТІК!

Астанадағы №55 «Қарақат» балабақшасында «Қазақстан – менің Отаным» атты мерекелік ашық тәрбие сағаты өтті.

Балалардың бойында отансүйгіштік сезімін қалыптастыру, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру және еліміздің тарихы мен ұлттық құндылықтарын дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған іс-шара барысында «Балдәурен» мектепалды даярлық тобының тәрбиешілері Айтбала Елубаева мен Айдана Күмісбекова бүлдіршіндерге Қазақстанның тарихы, тәуелсіздігі, Мемлекеттік рәміздері мен жетістіктері туралы әңгімеледі. Тәрбиеленушілер болса патриоттық тақырыпта өлеңдер оқып, мың бұрала би биледі.

– Егемендікке қол жеткізуді аңсап, өмірін күреспен өткізген ата-бабаларымыздың асыл арманы – тәуелсіздігімізді баянды ету – бүгінгі ұрпақ үшін жауапкершілігі зор міндет. Күнделікті жұмыс барысында балақайларға Отанымыз – Қазақстан Республикасы, жеріміз кең, табиғатымыз бай, халқымыз қонақжай екенін үнемі еске салып, ата-бабадан қалған ән мен күйді үйретіп, оларды құрметтеуге, туған жерді аялап-қорғауға, сүюге баулып келеміз. Бұл бағытта «Балдәурен», «Балбөбек», «Қызғалдақ» және «Бәйшешек» топтарында мерекелік ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылып, оған ата-аналар да белсене атсалысады. Осындай тағылымды іс-шаралар арқылы біз, тәрбиешілер, жас ұрпақтың бойында ұлттық рухты нығайтып, елін, жерін құрметтеуге тәрбиелейміз, – деді тәрбиеші Айтбала Зейноллақызы.



№124 (5022) 20/10/2026 Сейсенбі

Айгул УАЙС



ӨМІР ЗАЯ БОЛМАСЫН ДЕСЕК...

Бәріміз ұйқыдан ояна сала телефонға үңіліп, алдымен ауа райын анықтап алып, «байлаулы тұрған» әлеуметтік желілерді бір шолып шығатын әдетіміз бар. Басымызды жастыққа қоя салып көзіміз қарауытқанда, қолымыздан телефон түсіп кетпесе, ұйықтай да алмаймыз. Ағылған ақпараттың нөпірімен оразамызды да ашамыз.

Өмірдің барлық саласына терең еніп үлгерген ақпарат-телекоммуникация технологиялары санамызды құрсаулап қойды. Тірлігіміз де соған тығыз байланысты. Күнделікті ағайын-туыспен байланыстан бастап, банк, көлік, тұрмыс мәселелерін шешуде телефон шұқымасаң шаруаң бітпейді. Бұл да дұрыс шығар. Ақпараттың арасында өзін жоғалтпаса да, адасқан адамның көштен қалмауы осы технологияны меңгеруге, жұмыс істеуге байланысты болып қалды. Алайда мұның екінші жағы бар. Жаһанданған әлем тудырған осы қарбаласқа, сын-қатерге қарсы тұратын қауқар бар ма? Ақпарат тасқыны, оның күн сайын тоқтаусыз үдеуінен туындаған қысымға қаншалықты шыдас береміз? Әлде жетегінде кеткеніміз осы ма?

Айтып-айтпай не керек, ақпараты мол қоғамның қайнаған қазанында жанымыз қуырылып жатыр. Ішкен асымыз бойымызға сіңбей, мен жоқ жерде не болып жатыр деп сағат емес, көзді ашып-жұмғандай бір сәтке де тыным таппай ақпараттар ағынына құлақ түрудеміз. Қолайымызға келмеген бір ақпараттан ауырып қалатын, тіпті жүйкеміз жұқарып, қан қысымы көтерілетін кезі де бар. Басқаша айтқанда, сан алуан ақпаратқа белшемізден батып, сөйте тұра керегіңді таппағандай аласұрып, таным тапшылығын сезінетін әлемдеміз. Талғамымызды да сол ақпарат билеп барады. «Ойбай, анау өйтіп қойды, мынау бүйтіп қойды» дегенге елеңдеп, сол ақпаратқа жанымызды ауыртып, соның жетегінде кетеміз. Жеткен жеріміз, өреміз де осы деңгейде. Тереңнен ойлауға келесі ақпарат кедергі келтіреді. Өзгеше ойлап, өзіңді табудың мүмкіндігі жоқ, ағылған ақпарат уақытыңды алып, басқаша ойлауға мұршаңды келтірмейді. «Ақпараттық мәңгүрттік» деген атау болмаса, енді оны ойлап табу керек шығар.

Мәңгүртке айналуға мидың шаршауы әсер етеді. Бар болмысы сан алуан ақпаратпен уланып, ойы жеті жұртты жағалап кеткен адамның назарын бірден өзіңе аудару мүмкін емес. Үйдегі ұл мен қызың да, жан жарың да басқа ойдың жетегінде, өзгенің тізгінінде, өзгенің тілеуін тілеп, өзгенің жыртысын жыртуға бейім. Білгенге бұл да «диагноз». Оны ғалымдар «ақпараттық шаршау синдромы» деп атапты. Алғаш рет бұл терминді күйзелістің бір табиғаты ретінде қарап, британдық маман Дэвид Льюис ұсынған екен. Ол 1996 жылы «Рейтер» британдық ақпарат агенттігі жүргізген бенчмаркингтік зерттеу негізінде ақпараттың шамадан тыс көптігі адамның іскерлік белсенділігін төмендетіп, психикалық ауытқушылықты тудыруы мүмкін екенін дәлелдепті. Ғаламдық шырмау дендей қоймаған сол кездің өзінде-ақ адамның айналасында болып жатқан оқиғаны нақты бағамдап, байыптап, сыни көзбен қарай алмай, жан-жақтан құйылған жаңалықтар ұйқысыздыққа, беймаза қалыпқа түсіретінін айтыпты. Адамның есте сақтау және еске түсіру қабілетіне де зиянын тигізіп, зейіннің төмендеуіне, иррационалды мінез-құлыққа жеткізіп, сыртқы ақпаратқа жиі алаңдауы еңбек өнімділігінің азаюына әкелетінін анықтаған. Мұның бәрі ақпарат-телекоммуникация инфрақұрылымының әрі қарай дамуы мен жаңғыруына қарай тек күшейе түскеніне көзіміз жетіп отыр.

> Мәңгүртке айналуға мидың шаршауы әсер етеді. Бар болмысы сан алуан ақпаратпен уланып, ойы жеті жұртты жағалап кеткен адамның назарын бірден өзіңе аудару мүмкін емес

Ақпарат нөпірінің ауырлығы сонша, оның адамды күйзеліске түсіретіні жасырын емес. Адамның көкірегіне қорқыныш ұялап, мазасы кетуіне ақпарат ықпал етіп жатады. Қарапайым мысал, ғаламтордағы ақпараттың қызығына түсіп, делебесі қозған адам алдымен басына келген асығыс сезімнің әсерімен пікір жазып, біржақты үкімін айтып, іс-әрекетіне есеп бермей, ойсыздыққа жеткізеді. Оның сезімі басқа адамның ашу-ызасына тиіп, ғаламтор, оның ішінде әлеуметтік желілерді пайдаланушылар жақ-жақ болып айтысып жатады. Осылайша, бір қазағың жік-жікке бөлініп келеді. Бұл – тұтастығымызға әсер ететін қатерлі құбылыс. Бұдан шығатын қорытынды, ақпарат жағынан сауатты болу қажет екенін байқаймыз. Адам өзіне қандай ақпарат керек, қайсысының артық екенін анықтай білуі шарт. Өзіне керектісін алып, қажет емесін бағамдай алуы тиіс. Мол ақпараттың легін тоқтатып, пайдалысын іріктей біліп, өз қажетіне қарай онымен жұмыс істей білгені жөн. Басқаша болғанда – өмір зая. Ғұмыры сол ақпараттың ізінде өтуі әбден мүмкін...

«БАЛА ТОЛАҒАЙЛАР» ОРТАМЫЗДА

Танымал спортшы, армрестлингтен халықаралық дәрежедегі спорт шебері Темір Спатаевтың «Бала Толағай» авторлық жобасы бүгінде елордадағы 33 мектептің оқу бағдарламасына енген. Жоба аясында жылда өтетін осы аттас жарыстың қалалық және республикалық кезеңі алдында Астана қаласы Сарыарқа ауданы бойынша мектептер арасында үздік үш команданы іріктеу жарысы өтті.

Райхан РАХМЕТОВА

Аталған жобаны былтырдан бері М.Дулатұлы атындағы №68 мектепте ұйымдастырып келе жатқан осы оқу орнының дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, бас төреші Ғанибет Сағидың айтуынша, өткен жылы ашылған толағай залы жас спортшылардың республикалық, халықаралық жарыстарда оза шабуына септік еткен. Осы залда өткен жарыстың аудандық кезеңіне 8 мектептен 10 команда қатысты. Оның 3-еуі аталған мектептен шықты. Жарыста 5 түрлі спорт қамтылды, атап айтқанда, найза лақтыру, сірге көтеру, лаңгі тебу, қаппен жүгіру және арқан тартыс жарыстары эстафета түрінде өтті. Әр команда 7-8-сыныптарда оқитын алты баладан тұрды. Ашылу салтанатына жоба авторының өзі, қалалық Білім басқармасының, қоғамдық ұйымдардың, «Өркен» балалар орталығының өкілдері, мектеп ұжымы және оқушылар қатысты.

– Мектебімізде «Толағай» ұлттық спорт залы былтыр осы уақытта ашылған. Бұл жоба қала мектептеріне Білім басқармасының бұйрығымен енгізіле бастағанына 2 жыл уақыт болды. Оқушыларымыз соның арқасында аудандық, қалалық, республикалық, халықаралық жарыстарға қатысып, жүлделі орындар алып жүр, – деді мектеп директоры Лаура Сәрсембекова.

Жарыс қорытындысында 1-орынды №68 мектептің «Балуан Шолақ» тобы иеленсе, 2-орын №15 мектеп командасына берілді, ал 3-орынды тағы да осы №68 мектептің «Міржақып» командасы алды. Үш команда жарыстың қалалық кезеңіне жолдама алып, енді елордаңың өзге аудандарынан келген топтар арасында бағын сынайды.



АИТВ инфекциясының алдын алу және ерекшеліктері

АИТВ инфекциясы – қазіргі қоғамдағы маңызды медициналық-әлеуметтік мәселелердің бірі. Заманауи медицинаның дамуы осы аурудың алдын алу, диагностикасы және емдеу тәсілдерін айтарлықтай өзгертуге мүмкіндік берді. Бүгінде уақытылы анықталған АИТВ инфекциясы – бақылауға болатын созылмалы ауру. Тұрақты антиретровирустық терапия адамның өмір сүру сапасын сақтауға және денсаулығын қолдауға мүмкіндік береді.

АИТВ инфекциясының алдын алудың негізгі бағыттарының бірі – халықтың АИТВ-ның берілу жолдары, жеке қорғану әдістері, уақытылы тестілеуден өтудің маңызы және заманауи профилактика мүмкіндіктері туралы хабардарлығын арттыру.

АИТВ – адамның иммун тапшылығы вирусы, ол иммундық жүйенің жасушаларын зақымдайды. Емдеу жүргізілмеген жағдайда, вирус ағзаның қорғаныс қызметін біртіндеп төмендетіп, жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромының – ЖИТС-тің дамуына әкелуі мүмкін.

АИТВ инфекциясы ұзақ уақыт бойы айқын клиникалық белгілерсіз өтуі ықтимал. Адам өзін сау сезінуі мүмкін, бірақ соған қарамастан АИТВ жұқтырған болуы кәдік. Сондықтан адамның сыртқы келбетіне немесе өзін-өзі сезінуіне қарап АИТВ мәртебесін анықтау мүмкін емес.

АИТВ мәртебесін білудің жалғыз сенімді жолы – тестілеуден өту.

АИТВ-ның негізгі берілу жолдары:

Жыныстық қарым қатынас арқылы – АИТВ қорғалмаған жыныстық қатынас кезінде берілуі мүмкін. Мүшекапты пайдалану – АИТВ және жыныстық жолмен берілетін басқа да инфекциялардың алдын алудың негізгі тәсілдерінің бірі.

Парентералдық жол – жұқтырылған қанмен байланыс кезінде, оның ішінде ортақ инелер мен шприцтерді пайдаланғанда іске асуы мүмкін, сондай-ақ стерильді емес құралдармен әртүрлі медициналық және басқа да ем-шаралар жүргізілген кезде беріледі.

Вертикалды жол – АИТВ анадан балаға жүктілік, босану және ана сүтімен емізу кезінде берілуі мүмкін. Жүкті әйелде АИТВ инфекциясын уақытылы анықтау және профилактикалық іс-шараларды жүргізу инфекцияның балаға берілу қаупін айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді.

АИТВ инфекциясының алдын алу жұқтыру қаупін төмендетуге және ауруды ерте анықтауға бағытталған кешенді іс-шараларды қамтиды:

1. АИТВ-ға тестілеу – тұрақты түрде тестілеуден өту адамға өзінің АИТВ мәртебесін уақытылы білуге және қажет болған жағдайда емдеуді бастауға мүмкіндік береді. Тестілеу әсіресе АИТВ жұқтыру қаупі болуы мүмкін жағдайлардан кейін маңызды. АИТВ-ны ерте анықтау антиретровирустық терапияны уақытылы бастауға, иммундық жүйені сақтауға және вирустың басқа адамдарға берілу ықтималдығын төмендетуге мүмкіндік береді.

2. Қорғаныс құралдарын пайдалану – мүшекаптарды дұрыс және тұрақты пайдалану АИТВ және жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың берілу қаупін төмендетеді. Бұл ретте мүшекапты дұрыс пайдалану, оның жарамдылық мерзіміне және қаптамасының бүтіндігіне назар аудару қажет.

3. Қатынасқа дейінгі профилактика (ҚДП) – АИТВ-теріс мәртебесі бар және АИТВ жұқтыру қаупі жоғары адамдарға арналған. ҚДП АИТВ-мен ықтимал байланысқа дейін арнайы дәрілік препараттарды қабылдауды көздейді. Дұрыс қолданған жағдайда бұл әдіс АИТВ жұқтыру қаупін айтарлықтай төмендетеді. ҚДП бастамас бұрын медициналық тексеруден өтіп, маманның кеңесін алу қажет.

4. Қатынастан кейінгі профилактика (ҚКП) – АИТВ-мен ықтимал байланыстан кейін қолданылады. Бұл шұғыл профилактикалық шара болғандықтан, ықтимал қауіпті жағдай туындаған кезде медициналық көмекке мүмкіндігінше тезірек жүгіну қажет.

5. Медициналық және медициналық емес ем-шаралардың қауіпсіздігі – АИТВ-ның берілуінің алдын алу үшін медициналық, стоматологиялық, косметологиялық және терінің немесе шырышты қабаттардың зақымдалуымен байланысты басқа да шаралар кезінде стерильді немесе бір рет қолданылатын құралдарды пайдалану қажет.

АИТВ инфекциясының профилактикасы халықты ақпараттандыруды, қауіпсіз мінез-құлықты, тұрақты тестілеуден өтуді, қорғаныс құралдарын пайдалануды, ҚДП және ҚКП қолжетімділігін, АИТВ-ның анадан балаға берілуінің алдын алуды және антиретровирустық терапияны уақытылы бастауды қамтитын кешенді іс-шаралардан тұрады.

Заманауи медицинаның мүмкіндіктері АИТВ инфекциясын тиімді бақылауға мүмкіндік береді. Сондықтан профилактиканың маңызды шарттары – өзінің АИТВ мәртебесін білу, денсаулыққа жауапкершілікпен қарау, медициналық көмекке уақытылы жүгіну және стигма мен кемсітушілікке жол бермеу.

Әр адам АИТВ инфекциясының алдын алуға өз үлесін қоса алады: сенімді ақпарат алу, тестілеуден өту және профилактикалық шараларды сақтау.

А.ИДРИСОВА,
Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК алдын алу жұмыс бөлімінің эпидемиолог дәрігері

№124 (5022) 20/10/2026 Сейсенбі

ЕҢ ӘДЕМІ КИІМ – ҰЛТТЫҚ КИІМ

Елордада Республика күніне орай Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің музейі мен «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен қазақтың ұлттық киімдері мен дәстүрлі қолөнерін зерттеп, қайта жаңғыртып жүрген танымал этнодизайнер, кестеші Тілек Сұлтанның «Ең әдемі киім – ұлттық киім» атты жеке ұлттық-этнографиялық көрмесі ашылды.

Айгул УАЙС



ЮНЕСКО-ның сапа белгісінің иегері, Қазақстан Қолөнершілер одағының мүшесі Тілек Сұлтанның негізгі шығармашылығының шоқтығы – біз кесте өнері. Соңғы жылдары қазақ әйелдерінің ұлттық бас киімі – кимешекті арнайы зерттеп, қайта қалпына келтіріп, елімізде кимешек кию дәстүрінің жолын ашты деуге болады. Ұлттық киімдердің өңірлерін кестемен безендіріп, түрлендіре түскен этнодизайнердің ерекшелігі – ұмыт болған жәдігерлерімізді сол қалпында жаңғыртуында. Шебердің жеке қорындағы жарғақ шапан, кестелі шалбар, тымақ сияқты құнды киімдер көрмеге келгендердің көзайымына айналды.

Көрмедегі көз тартар киімдердің бірі – белдемше. Ол қазақ, қырғыз әйелдеріне ортақ. Жетісу, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында кеңінен тараған. Арқа қазақтарының аң терісімен астарланған өзгеше белдемшелері болған. Алтай-Тарбағатай, Баркөл өңірлерінде де белдемшенің өзгеше нұсқалары сақталған. Белдемшенің ең алғашқы нұсқаларын сарбаздар темір сауыттың ішінен жылулық үшін киген деген деректер бар. Бүгінде ұлттық киім өз иесін тапты деуге болады. Соның дәлелі, белдемше киген қыз-келіншектер көрменің көркін кіргізсе, шебердің қолынан шыққан құндызбен әдіптеліп, кестемен көмкерілген белдемшелер көрменің басты жәдігері ретінде төрге қойылған.

Қазақ әйелдерінің етегіне желбір салмайтын, кең пішілмейтін бүрме көйлегі де көрмеге қойылды. Оның үстінен киетін камзол – Қостанай өңірінің үлгісі бойынша жаңғыртып жасалған Тілек Сұлтанның таңдаулы жұмысы. Әшекейлері толығымен XIX ғасырға тән. Антиквариат оқа және зер шашақпен әрленген. Көрменің көз тартар бөлігі – «қызай кимешектер». Тілек Сұлтанның кимешек туралы мәліметтерінің өзі этнографияға қосылған олжа деуге болады. Ол кимешек киген әйелдің жас мөлшерін, тұрмысын, әлеуметтік дәрежесін де анықтауға болатынын айтып жүреді. Кимешекке келгенде басты назарға алатын нәрсе – жақ кестесі. Жас келіншектердің кимешектері түрлі түсті жіппен оюланған, монша-тана таққан сәнімен келісті келеді. Егде тартқан әйелдердің «саржақ» аталуы киген кимешегіне байланысты келеді екен. Кимешектің сары түсті зері – соның айғағы. Тілек Сұлтанның қолынан шыққан кимешектердің көркін кіргізетін элемент – күндік. Ол кимешек үстінен орауға ақ мәлмәл матаны пайдалануға кеңес береді. Бір кимешекке жеті метрдей мата кеткенімен, салмағы өте жеңіл, әрі кетсе жарты келіге жетпейді екен. Бұл да көп білмейтін маңызды дерек.

Бұл көрменің басты экспонаты – сәукеле. Сәні келіскен қалыңдықтың бас киімі Жетісу өңірінің нұсқасымен жасалыпты. Күрең барқыт, ақ жібек торғын, оқа, зер шашақ, құндызбен жиектелген. Құлақбауы мен желкелігі, желегі біз кесте техникасымен кестеленіп, ерекше көрік беріп тұр. Тобыққа түсетін артқы бойы – желегі төгіліп, ортасынан құлаған желке бауы көз тартады. Бұл киім алғаш рет көрмеге қойылып отыр.

– Көрменің тақырыбы мазмұнын ашып, қазақтың ұлттық киімдері: етіктен бастап бас киіміне дейін қойылды. Бұл жерде XIX-XX ғасырларда киілген көне жәдігерлерден бастап өз қолымнан жаңғырып шыққан киімдерге дейін бар. Кішкентай балаларға арналған, ата-әжелеріміздің иығынан түскен, хандар киген «қоқыр» деп аталатын бас киімдер көрмеге қойылды. Қазақ этнографиясы шексіз кеңістік қой. Әлі де жасайтын, жаңғыртатын жұмыс өте көп. Алғаш рет елордада бастау алған көрмеміз еліміздің басқа орталықтарында жалғасса деген жоспарымыз бар, – дейді этношебер Тілек Сұлтан.

«Ең әдемі киім – ұлттық киім» ұлттық-этнографиялық көрмесінің есігі бір ай бойы келушілерге ашық. Қазақтың дәстүрлі киім үлгілерін тамашалап қана қоймай, мың сан қырына үңіліп, астарындағы тарихты, халқымыздың дүниетанымын, қазақ қоғамындағы әрбір адамның қадірлі орнын танып-білуге болатын мүмкіндікті жіберіп алмаңыздар.





ФОТОФЕСТИВАЛЬДЕ ТОП ЖАРДЫ

Зерендіде дәстүрлі «Zeren Photo Fest» фотофестивалі өтті. Биыл төртінші рет ұйымдастырылған шығармашылық басқосу аясында «Астана ақшамы» газетінің фототілшісі Сұлтан Сейітов пен оның шәкірті Елдана Сәкенқызы бірінші орынды иеленіп, «Үздік ракурс» номинациясы бойынша да жеңімпаз атанды.

Байқау қорытындысына келсек, бас жүлдені ҚР Құрылтайының фототілшісі Талғат Таныбаев пен оның шәкірті Ақнұр Ербатыр иеленді. Бірнеше аталым бойынша бағаланған байқауда екінші орын «Егемен Қазақстан» газетінің фототілшісі Ерлан Омаров пен шәкірті Әдемай Текебасоваға берілді. Үшінші орынды Ұлттық ұланның фототілшісі Бақытжан Батырханұлы мен Нұрай Тілек иеленді. Бұдан бөлек, «Үздік пейзаж» номинациясында Талғат Таныбаев пен Ақнұр Ербатыр, «Үздік фотопортрет» аталымында Бақытжан Батырханұлы мен Нұрай Тілек, «Үздік фоторепортаж» номинациясында Ерлан Омаров пен оның шәкірттері Шапағат Батырғали және Әдемай Текебасова жеңімпаз атанды. «Үздік фототілші» аталымында ҚР Қорғаныс министрлігінің фототілшісі Ермек Сарыбасов пен шәкірті Сезім Ұланқызы, «Үздік композиция» номинациясында «National Geographic Kazakhstan» журналының фототілшісі Ерболат Шадрахов пен шәкірті Қания Жәнәбіл, «Үздік естелік фото» аталымында «Kazinform» халықаралық ақпарат агенттігінің фототілшісі Ағыбай Аяпбергенов пен шәкірті Мадина Ізекенова марапатталды. Бұдан бөлек, жүлде алған кәсіби фототілшілер фестиваль аясында студенттерге арнаған шеберлік сабақтарын өткізді.

СУРЕТСӨЗ

Сайын Мұратбеков... «Жусан иісі», «Жабайы алма», «Менің қарындасым», «Отау үй», «Дос іздеп жүрмін», «Өліара», «Қалың қар»... Ойлы образдар, қайталанбас кейіпкерлер. Жұрт Сайынды жаппай оқыды. Оқыды да, сайын даланың төсінде жүргендей ғажайып күй кешті. Шын шебер. Сол шеберліктің шыңына шыққан қаламгер. Жазу өнерін үйренгісі келгендер оның шығармасын шиырлаудан жалықпайды.

«ЖАБАЙЫ АЛМАНЫҢ» ИЕСІ

(Жұрт білетін жазушы)



Бұл қаламгерге ешқандай жарнаманың керегі жоқ. Оның туындыларын талдап-таразылап, сын мақала жазудың да қажеті шамалы. Сайынды жұрт онсыз да оқиды. Ол – әр қазақты өз оқырманының деңгейіне жеткізген жазушы. Біз Сайын ағаның әңгіме-повестерімен алдымен «Жұлдыз» және «Жалын» журналдары арқылы таныстық. Содан соң кітап болып басылып шыққан кезде қайта сүзіп шықтық. Бәрі де сөйтті. Мен де, сен де, ол да... Осылайша Сайын Мұратбековтің өзін көрмей тұрып-ақ қиялымыздағы болмысын төбемізге көтердік. Өте қарапайым екенін, даңқ-даңғазаға әуес еместігін білгенде бұл құрметіміз еселене түсті.

Стилист суреткердің бір туындысын, жалғызақ «Жабайы алмасын» алайықшы. Елдің бәріне етене таныс кейіпкерлер алдыңнан андыздап шыға келеді. Бастық Нұғыман, бригадир Байдалы, әумесер Әжібек, есерсоқ Ырысбек, көнбіс Көлбай керең... Бәрін бұрыннан білетін секілдісің. Себебі мұндай кісілер барлық ауылда бар. Танысың сияқты болатыны, жазушы олардың бейнесін ұстадай қашап, зергердей зерлеп жасаған.

Тегінде, соғыс қасіретін әр қаламгер әр түрлі тәсілмен бедерлеп көрсетті. Ал суреткер Сайын қан майданнан көзі қанталап келіп, ауылдағы қатын-қалашқа жаудай тиіп жатқан ауыш Ырысбектің оспадарсыздығы мен озбырлығы арқылы аңғартты. Мысалы, «Екі күннен кейін ата-енесін еңіретіп жылатып, Зибаш Ырысбектің үйіне көшті, ал Дүрия зар еңіреп жылап, Көлбай кереңнің үйіне барды, Әпіш жылап-сықтап, көрпе төсегін арқалап, сиыр фермаға кетті» деген жолдар миымызда жатталып қалғалы қашан?! Қан қасаптан есі ауысыңқырап келген жынды жауынгер ауыл төрінде соғыс ойынын ойнап, бүкіл жұрттың өмірін өзгертіп жатыр. Әпербақан Әжібектің шалғын үстінде жалаңаштанып жатып, бүкіл балаға жасататын «жыбыр-жыбыры» ше?!


Сөйтіп, бәріміз жастайымыздан «Жабайы алманы» жеп өстік. Жай алмадан гөрі, жабайы алманың дәмі бөлек болатынын ерте түсіндік. Соның бәрін ұқтырған Сайын ағамыз еді...


Сол Сайын ағамызды, күллі оқырманның құрметіне бөленген заңғар жазушыны көп ішінде жалғызсырап, оңашалау тұсқа барып, ойға батып отырған жерінде Шүкір Шахай көріп қойыпты. Мұндай олжаны мүлт жіберуші ме еді ол...

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

№124 (5022) 20/10/2026 Сейсенбі













Қош, қоңыр күз!



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 124
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

№124 (5022) 20/10/2026 Сейсенбі

АСТАНА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 23-бабының 5-тармағына сәйкес Астана қаласы бойынша сайлау учаскелерінің шекаралары және олардың орналасқан жері туралы хабарлаймыз.

Астана қаласының әкімдігі

АСТАНА ҚАЛАСЫ «АЛМАТЫ» АУДАНЫНЫҢ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІ

№ 1 сайлау учаскесі
(орталығы – «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Қажымұқан көшесі, № 13)

Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 2, 2А, 4/2, 4/4, 6/1, 6/2, 6/3, 6/4, 6/5, 12/2, 14/1, 14/2 үйлер, Қажымұқан көшесі, № 15 үй.

№ 2 сайлау учаскесі
(орталығы – «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Студенттер үйі, М. Жұмабаев даңғылы, № 14)

Шекарасы: М. Жұмабаев даңғылы, № 11, 12, 12А, 12/1, 14, 16, 16/1, 16/2, 16/3, 18 үйлер, Ж. Жирентаев көшесі, № 10 үй, А. Петров көшесі, № 26, 26/1, 28/1, 32/1, 32/2 үйлер.

№ 3 сайлау учаскесі
(орталығы – «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Студенттер үйі, М. Жұмабаев даңғылы, № 14/1)

Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 16, 16/1, 18, 20, 20А, 20Б, 23, 24, 25, 25/1, 25/2, 26, 26/1, 27/1 үйлер, М. Жұмабаев даңғылы, № 2, 4, 4/2, 4Б, 6, 14/1 үйлер.

№ 4 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Мұстафа Шоқай атындағы № 51 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Аманат көшесі, № 5)

Шекарасы: Шашу орамынан М. Жұмабаев даңғылының тақ сандар жағымен Б. Момышұлы даңғылына дейін, Б. Момышұлы даңғылының тақ сандар жағымен Қ. Сәтбаев көшесіне дейін, Қ. Сәтбаев көшесінің жұп сандар жағымен Б. Майлин көшесіне дейін, Б. Майлин көшесінің жұп сандар жағымен Әбуабдулло Рудаки көшесіне дейін, Әбуабдулло Рудаки көшесінің тақ сандар жағымен Шашу орамына дейін, Шашу орамының жұп сандар жағымен Қосбасар орамындағы № 2, 2А үйлерді, Манатау көшесіндегі № 2, 2/1, 4, 4/1 үйлерді, Қ. Сәтбаев көшесіндегі № 16/1, 16/2, 16/3, 18 үйлерді, Б. Майлин көшесіндегі № 16/2, 16/3, 16/8, 16/9, 16/11 үйлерді қоспағанда, М. Жұмабаев даңғылына дейін.

№ 5 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Б. Майлин көшесі, № 12)

Шекарасы: Б. Майлин көшесі, № 14 үй, Қ. Сәтбаев көшесі, № 19, 19/1, 21, 23, 23/1, 23/2, 25, 29/1 үйлер.

№ 6 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Б. Майлин көшесі, № 12)

Шекарасы: Б. Майлин көшесі, № 8 үй, Тәуелсіздік даңғылы, № 34/1, 34/2, 34/9, 34/10 үйлер, Қ. Сәтбаев көшесі, № 25/1, 29П үйлер.

№ 7 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Б. Майлин көшесі, № 12)

Шекарасы: Б. Момышұлы даңғылы, № 13А, 13/1, 13/2, 13/3, 15А, 15/2, 15/3, 17, 17/2, 19, 19/1, 19/2 үйлер.

№ 8 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 28 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, А. Петров көшесі, № 8)

Шекарасы: Қажымұқан көшесі, № 2, 4 үйлер, Тәуелсіздік даңғылы, № 4/1, 4/3, 6/1, 6/2, 6/3, 8, 12, 12/1, 12/2, 14, 14/1, 14/2 үйлер, А. Петров көшесі, № 2, 2/1, 4 үйлер.

№ 9 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 28 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, А. Петров көшесі, № 8)

Шекарасы: А. Петров көшесі, № 5, 5/2, 7, 7/1, 9, 10, 10/1, 12, 12/1, 12/2, 12/3, 14, 14/1, 14/2, 14/3 үйлер, күйші Дина көшесі, № 3/1, 7 үйлер.

№ 10 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 10 балалар мен жасөспірімдердің шайбалы хоккейден мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қажымұқан көшесі, № 9)

Шекарасы: Қажымұқан көшесі, № 6, 6/1, 8, 8/1, 10/1, 12, 12А, 12Б, 12В үйлер, Қ. Сәтбаев көшесі, № 1, 1/1, 4, 4/1, 6 үйлер, А. Петров көшесі, № 1, 1/1, 3 үйлер.

№ 11 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 30 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, А. Петров көшесі, № 11)

Шекарасы: Қ. Сәтбаев көшесі, № 3, 3/1, 5, 7, 7/1, 8, 9, 10 үйлер, А. Петров көшесі, № 5/3, 17, 17/1, 19, 19/1, 21/2, 21/3 үйлер.

№ 12 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 30 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, А. Петров көшесі, № 11)

Шекарасы: Қ. Сәтбаев көшесі, № 9/1, 11, 11/1, 11/2, 11/3, 11/4, 11/5, 13, 13/3 үйлер, А. Петров көшесі, № 9/1, 13, 16, 16/1, 16/2, 16/3, 18/1, 20 үйлер, күйші Дина көшесі, № 11/1 үй.

№ 13 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 22 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ж. Жирентаев көшесі, № 16)

Шекарасы: Қажымұқан көшесі, № 22/1, 26, 28 үйлер, Ж. Жирентаев көшесі, № 9, 13, 14, 20, 20/1 үйлер, М. Жұмабаев даңғылы, № 1, 3, 3/1, 5 үйлер, А. Петров көшесі, № 23/2 үй.

№ 14 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 22 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ж. Жирентаев көшесі, № 16)

Шекарасы: М. Жұмабаев даңғылы, № 5/1, 5/2, 7, 7/1, 9, 9/1, 9/2 үйлер, А. Петров көшесі, № 23, 23/1, 30/1, 31/1, 32 үйлер.

№ 15 сайлау учаскесі
(орталығы – «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты» жоғары білім беру мекемесі, М. Жұмабаев даңғылы, № 4)

Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 28, 29/1, 30, 32/1, 32/2, 33, 36, 36А, 38 үйлер, күйші Дина көшесі, № 31, 33 үйлер, М. Жұмабаев даңғылы, № 16/4, 18/1 үйлер, М. Төлебаев көшесі, № 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17, 19 үйлер, VIP-қалашық, № 1, 2, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 24, 28, 36, 37 үйлер.

№ 16 сайлау учаскесі
(орталығы – «Астана халықаралық университетінің педагогикалық колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, І. Жансүгіров көшесі, № 4)

Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 11/3, 11/4 үйлер, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 2, 2А, 2/1, 2/2, 2/4, 2/6, 2/7, 4, 4/3, 4/4 үйлер.

№ 17 сайлау учаскесі
(орталығы – «Астана халықаралық университетінің педагогикалық колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, І. Жансүгіров көшесі, № 4)

Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 3, 3/1, 4, 5А, 5/1, 5/2, 5/3, 6, 9, 9/1, 9/2, 10, 11, 11/1, 11/2, 12, 12/1, 14 үйлер.

№ 18 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 114 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, І. Жансүгіров көшесі, № 1)

Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 17, 17А, 17Б, 17/1, 19, 19/1, 19/2, 19/3, 19/4, 21 үйлер, І. Жансүгіров көшесі, № 4/1, 4/2, 4/3, 4/4, 6/1, 6/2, 8/3, 10, 10/1, 10/2 үйлер, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 8, 10, 12, 14, 16, 18 үйлер.

№ 19 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 32 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Абылай хан даңғылы, № 25/3)

Шекарасы: Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 5, 17/3, 17/4, 17/5, 17/6, 24 үйлер, Манас көшесі, № 24 үй.

№ 20 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Сырбай Мәуленов атындағы № 37 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, күйші Дина көшесі, № 44/3)

Шекарасы: Қ. Рысқұлбеков көшесі, № 27, 27/1, 27/2, 27/3, 29, 29А, 31/1 үйлер, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 19/3 үй.

№ 21 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Сырбай Мәуленов атындағы № 37 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, күйші Дина көшесі, № 44/3)

Шекарасы: Қ. Рысқұлбеков көшесі, № 11/2, 11/3, 17, 19 үйлер, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 30, 30/1, 32, 36, 36/1, 36/2, 36/3 үйлер, күйші Дина көшесі, № 46/3 үй.

№ 22 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Сырбай Мәуленов атындағы № 37 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, күйші Дина көшесі, № 44/3)

Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 35, 37, 37/1, 39, 41, 41/1, 41/2, 43, 43/1 үйлер, күйші Дина көшесі, № 36, 36/1, 36/2, 36/3, 38, 40, 40/1, 42, 44, 44/1 үйлер.

№ 23 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Әлімхан Ермеков атындағы № 38 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ғ. Мүсірепов көшесі, № 8/2)

Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 47, 49, 49/1, 49/2, 49/3, 51 үйлер, Ғ. Мүсірепов көшесі, № 1, 5, 5/1, 5/2, 7, 7/1 үйлер, Қ. Рысқұлбеков көшесі, № 4/2, 4/3, 4/4 үйлер.

№ 24 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Әлімхан Ермеков атындағы № 38 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ғ. Мүсірепов көшесі, № 8/2)

Шекарасы: Ғ. Мүсірепов көшесі, № 2, 2/1, 2/2, 4, 6, 6/1, 6/2, 7/3, 9, 10, 10/2, 10/3, 12, 14, 14/1 үйлер, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 40, 42, 44, 46 үйлер, Абылай хан даңғылы, № 55/1 үй.

№ 25 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Әлімхан Ермеков атындағы № 38 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ғ. Мүсірепов көшесі, № 8/2)

Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 55, 57, 57/1, 57/2, 59, 59/1 үйлер, Ғ. Мұстафин көшесі, № 1, 1/1, 1/2, 1/3, 3, 3/1, 3/2, 3/3, 5, 5/1, 7, 7/1, 7/2, 9 үйлер, Ғ. Мүсірепов көшесі, № 4/2, 6/3, 6/4 үйлер.

№ 26 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Бейімбет Майлин атындағы № 52 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Бурабай көшесі, № 38)

Шекарасы: Ертіс көшесінен Қозыбасы көшесінің тақ сандар жағымен Ақарыс көшесіне дейін, Ақарыс көшесінің тақ сандар жағымен Ш. Құдайбердіұлы даңғылына дейін, Ш. Құдайбердіұлы даңғылының тақ сандар жағымен Ғ. Мұстафин көшесіне дейін, Ғ. Мұстафин көшесінің жұп сандар жағымен теміржол төсеміне дейін, теміржол төсемімен Ертіс көшесіне дейін, Ертіс көшесінің тақ сандар жағымен Қозыбасы көшесіне дейін.

№ 27 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 29 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Железнодорожный» тұрғын алабы, М. Горький көшесі, № 22)

Шекарасы: Ж. Жабаев көшесінен Екібастұз көшесінің тақ сандар жағымен Ащысай көшесіне дейін, Ащысай көшесінің жұп сандар жағымен В. Маяковский көшесіне дейін, Ащысай және В. Маяковский көшелерінің қиылысынан солтүстік-шығыс бағытта мұсылман және христиан зираттарының арасымен А-211 көшеге дейін, А-211 көшеден А1 көшеге дейін, А1 көшенің тақ сандар жағымен айналма жолға дейін, айналма жолмен «Астана – Қарағанды» теміржол төсеміне дейін, «Астана – Қарағанды» теміржол төсемімен, Н. Төреқұлұлы көшесіндегі № 4, 5, 6, 7, 8 үйлерді қоса алғанда, Ж. Жабаев көшесіне дейін.

№ 28 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, «Железнодорожный» тұрғын алабы, Ж. Жабаев көшесі, № 14)

Шекарасы: теміржол төсемінен Н. Төреқұлұлы көшесімен Ж. Жабаев көшесіне дейін, Ж. Жабаев көшесінің жұп сандар жағымен Екібастұз көшесіне дейін, Екібастұз көшесінің жұп сандар жағымен Ащысай көшесіне дейін, Ащысай көшесінің тақ сандар жағымен В. Маяковский көшесіне дейін, Ащысай және В. Маяковский көшелерінің қиылысынан Шалқар көшесіне дейін, Шалқар көшесімен Бұйрат көшесі бағытына қарай теміржол төсемінен «Астана – Қарағанды» теміржол төсеміне дейін, «Астана – Қарағанды» теміржол төсемімен Н. Төреқұлұлы көшесіне дейін.

№ 29 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 28 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, А. Петров көшесі, № 8)

Шекарасы: Тәуелсіздік даңғылы, № 16, 21, 21/2, 21/4, 21/5, 21/6, 21/7, 21/9 үйлер.

№ 30 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Райымбек батыр атындағы № 50 «Қазғарыш» мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, күйші Дина көшесі, № 6)

Шекарасы: күйші Дина көшесі, № 4А, 8, 8/1, 8/2, 11, 12, 12/1, 12/2, 13, 15 үйлер, Б. Майлин көшесі, № 7, 7/1, 7/2, 9, 11/1, 13, үйлер, Қ. Сәтбаев көшесі, № 15, 17, 17/1, 17/2 үйлер.

№ 31 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 48 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ж. Жирентаев көшесі, № 15/2)

Шекарасы: Қажымұқан көшесі, № 14, 14/1, 16, 18, 18/2, 20, 22 үйлер, Ж. Жирентаев көшесі, № 13/1, 15/1, 19, 21, 22 үйлер, Қ. Сәтбаев көшесі, № 4/2, 6/1 үйлер.

№ 32 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 48 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ж. Жирентаев көшесі, № 15/2)

Шекарасы: Ж. Жирентаев көшесі, № 4, 4/1, 6/1 үйлер, күйші Дина көшесі, № 23, 23/1, 23/2, 25, 25/1, 25/2, 28, 28/1 үйлер.

№ 33 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледж» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 16)

Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 25/3, 27/3, 27/4, 29/2 үйлер, Манас көшесі, № 3, 3/1, 4, 5, 6, 6/1, 7, 8, 9, 9А, 11/1, 11/2, 11/3 үйлер, күйші Дина көшесі, № 35, 37, 39, 39/1 үйлер.

№ 34 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Мұстафа Шоқай атындағы № 51 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Аманат көшесі, № 5)

Шекарасы: М. Жұмабаев даңғылынан Айнакөл көшесінің тақ сандар жағымен Қордай көшесіне дейін, Қордай көшесінің тақ сандар жағымен Балқантау көшесіне дейін, Балқантау көшесінің тақ сандар жағымен Шабыт орамына дейін, Шабыт орамының тақ сандар жағымен Қордай көшесіне дейін, Қордай көшесінің тақ сандар жағымен Сұлутөбе көшесіне дейін, Сұлутөбе көшесінің жұп сандар жағымен М. Жұмабаев даңғылына дейін, М. Жұмабаев даңғылының жұп сандар жағымен Айнакөл көшесіне дейін.

№ 35 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Мұстафа Шоқай атындағы № 51 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Аманат көшесі, № 5)

Шекарасы: Обаған көшесінен М. Жұмабаев даңғылының тақ сандар жағымен Сұлутөбе көшесіне дейін, Сұлутөбе көшесінің тақ сандар жағымен Қордай көшесіне дейін, Қордай көшесінің тақ сандар жағымен М. Төлебаев көшесіне дейін, М. Төлебаев көшесінің тақ сандар жағымен Б. Майлин көшесіне дейін, Б. Майлин көшесінің тақ сандар жағымен күйші Дина көшесіндегі № 30, 30/1, 30А үйлер мен Б. Майлин көшесіндегі № 31 үйді қоса алғанда, М. Жұмабаев даңғылына дейін, М. Жұмабаев даңғылының жұп сандар жағымен Б. Момышұлы даңғылына дейін, Б. Момышұлы даңғылының жұп сандар жағымен Сырымбет көшесіне дейін, Сырымбет көшесінің жұп сандар жағымен Талғар көшесіне дейін, Талғар көшесінің жұп сандар жағымен Көкпар орамына дейін, Көкпар орамының жұп сандар жағымен Обаған көшесіне дейін, Обаған көшесінің тақ сандар жағымен М. Жұмабаев даңғылына дейін.

№ 36 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Мұстафа Шоқай атындағы № 51 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Аманат көшесі, № 5)

Шекарасы: Қ. Сәтбаев көшесінен күйші Дина көшесінің жұп сандар жағымен М. Жұмабаев даңғылына дейін, М. Жұмабаев даңғылының тақ сандар жағымен Шашу орамына дейін, Шашу орамының тақ сандар жағымен Әбуабдулло Рудаки көшесіне дейін, Әбуабдулло Рудаки көшесінің жұп сандар жағымен Б. Майлин көшесіне дейін, Б. Майлин көшесінің тақ сандар жағымен Қ. Сәтбаев көшесіне дейін, Қ. Сәтбаев көшесінің жұп сандар жағымен күйші Дина көшесіндегі № 28, 28/1 үйлерді, Б. Майлин көшесіндегі № 31 үйді қоспағанда, Қосбасар орамындағы № 2, 2А үйлерді, Манатау көшесіндегі № 2, 2/1, 4, 4/1 үйлерді, Қ. Сәтбаев көшесіндегі № 16/1, 16/2, 16/3, 18 үйлерді, Б. Майлин көшесіндегі № 16/2, 16/3, 16/8, 16/9, 16/11 үйлерді қоса алғанда, күйші Дина көшесіне дейін.

№ 37 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Бауыржан Момышұлы атындағы № 53 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Қарқабат көшесі, № 17)

Шекарасы: Б. Момышұлы даңғылынан Қ. Сәтбаев көшесінің жұп сандар жағымен Қосалқа орамына дейін, Қосалқа орамының тақ сандар жағымен Аманат көшесіне дейін, Аманат көшесінің жұп сандар жағымен Б. Момышұлы даңғылына дейін, Б. Момышұлы даңғылының жұп сандар жағымен Қ. Сәтбаев көшесіне дейін.

№ 38 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Бауыржан Момышұлы атындағы № 53 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Қарқабат көшесі, № 17)

Шекарасы: Қосалқа орамынан Қ. Сәтбаев көшесінің жұп сандар жағымен Обаған көшесіне дейін, Обаған көшесінің тақ сандар жағымен Көкпар орамына дейін, Көкпар орамының тақ сандар жағымен Талғар көшесіне дейін, Талғар көшесінің тақ сандар жағымен Сырымбет көшесіне дейін, Сырымбет көшесінің тақ сандар жағымен Қосалқа орамына дейін, Қосалқа орамының жұп сандар жағымен Б. Момышұлы даңғылындағы № 16 үйді, Қ. Сәтбаев көшесіндегі № 31 үйді қоса алғанда, Қ. Сәтбаев көшесіне дейін.

№124 (5022) 20/10/2026 Сейсенбі

№ 39 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Бауыржан Момышұлы атындағы № 53 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Қарқабат көшесі, № 17)

Шекарасы: Тәуелсіздік даңғылынан Б. Момышұлы даңғылының жұп сандар жағымен Қ. Сәтбаев көшесіне дейін, Қ. Сәтбаев көшесінің тақ сандар жағымен Қарқабат көшесіне дейін, Қарқабат көшесінің тақ сандар жағымен Балқантау көшесіне дейін, Балқантау көшесімен Қалба көшесіне дейін, Қалба көшесінің тақ сандар жағымен Тәуелсіздік даңғылына дейін, Тәуелсіздік даңғылының жұп сандар жағымен Қ. Сәтбаев көшесіндегі № 31 үйді, Қарқабат көшесіндегі № 2 үйді қоспағанда, Б. Момышұлы даңғылына дейін.

№ 40 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Сұлтанбек Қожанов атындағы № 64 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ғ. Мүсірепов көшесі, № 15)

Шекарасы: Ғ. Мұстафин көшесі, № 21/5, 21/6, 21/7 үйлер, Қ. Рысқұлбеков көшесі, № 16/1, 16/2 үйлер.

№ 41 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Сұлтанбек Қожанов атындағы № 64 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ғ. Мүсірепов көшесі, № 15)

Шекарасы: Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 25/1, 25/2, 25/3, 29/1 үйлер.

№ 42 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Сұлтанбек Қожанов атындағы № 64 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ғ. Мүсірепов көшесі, № 15)

Шекарасы: Ғ. Мүсірепов көшесінен Ш. Құдайбердіұлы даңғылының тақ сандар жағымен Қ. Рысқұлбеков көшесіне дейін, Қ. Рысқұлбеков көшесінің жұп сандар жағымен теміржол төсеміне дейін, теміржол төсемімен Ғ. Мүсірепов көшесіне дейін, Ғ. Мүсірепов көшесінің тақ сандар жағымен, Қ. Рысқұлбеков көшесіндегі № 16/1, 16/2 үйлерді қоспағанда, Ш. Құдайбердіұлы даңғылына дейін.

№ 43 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 25/3)

Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 45А, 45Г, 45Е үйлер, Қ. Рысқұлбеков көшесі, № 1, 2, 2/1, 2/2, 4, 4/1, 5, 6, 6А, 7, 7/1, 8, 8А, 8/1, 8/2, 8/3, 9, 11, 11/1, 13, 15 үйлер, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 38 үй, Ғ. Мүсірепов көшесі, № 7/2 үй.

№ 44 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Шерхан Мұртаза атындағы № 63 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Лепсі көшесі, № 38)

Шекарасы: Р. Қошқарбаев даңғылынан М. Төлебаев көшесінің жұп сандар жағымен Қызылкөл орамына дейін, Қызылкөл орамының жұп сандар жағымен Майдақоңыр көшесіне дейін, Майдақоңыр көшесінің тақ сандар жағымен Арал орамына дейін, Арал орамының жұп сандар жағымен Ертіс көшесіне дейін, Ертіс көшесінің жұп сандар жағымен Ш. Құдайбердіұлы даңғылына дейін, Ш. Құдайбердіұлы даңғылының жұп сандар жағымен Р. Қошқарбаев даңғылына дейін, Р. Қошқарбаев даңғылының тақ сандар жағымен М. Төлебаев көшесіне дейін.

№ 45 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Шерхан Мұртаза атындағы № 63 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Лепсі көшесі, № 38)

Шекарасы: Р. Қошқарбаев даңғылынан Ш. Құдайбердіұлы даңғылының тақ сандар жағымен Лепсі көшесіне дейін, Лепсі көшесінің жұп сандар жағымен теміржол төсеміне дейін, теміржол төсемімен Р. Қошқарбаев даңғылына дейін, Р. Қошқарбаев даңғылының жұп сандар жағымен Ш. Құдайбердіұлы даңғылына дейін.

№ 46 сайлау учаскесі
(орталығы – «NURORDA» мектеп-лицейі» мекемесі, Қ. Аманжолов көшесі, № 34)

Шекарасы: Келес орамынан Қалба көшесінің жұп сандар жағымен Балқантау көшесіне дейін, Балқантау көшесінің тақ сандар жағымен Қарқабат көшесіне дейін, Қарқабат көшесінің жұп сандар жағымен Қ. Сәтбаев көшесіне дейін, Қ. Сәтбаев көшесінің тақ сандар жағымен Обаған көшесіне дейін, Обаған көшесінің жұп сандар жағымен М. Жұмабаев даңғылына дейін, М. Жұмабаев даңғылының тақ сандар жағымен Балқантау көшесіне дейін, Балқантау көшесінің тақ сандар жағымен Арғанаты көшесіне дейін, Арғанаты көшесінің тақ сандар жағымен Ақыртас көшесіне дейін, Ақыртас көшесінің тақ сандар жағымен Келес орамына дейін, Келес орамының жұп сандар жағымен Қалба көшесіне дейін.

№ 47 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Темірбек Жүргенов атындағы № 70 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Майқайың көшесі, № 1)

Шекарасы: Тәуелсіздік даңғылынан Б. Момышұлы даңғылының жұп сандар жағымен Дауылпаз көшесіне дейін, Дауылпаз көшесінің жұп сандар жағымен Ақыртас көшесіне дейін, Ақыртас көшесінің жұп сандар жағымен Р. Қошқарбаев даңғылына дейін, Р. Қошқарбаев даңғылының тақ сандар жағымен Тәуелсіздік даңғылына дейін, Тәуелсіздік даңғылының тақ сандар жағымен Б. Момышұлы даңғылына дейін.

№ 48 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Темірбек Жүргенов атындағы № 70 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Майқайың көшесі, № 1)

Шекарасы: Р. Қошқарбаев даңғылынан Б. Момышұлы даңғылының жұп сандар жағымен Дауылпаз көшесіне дейін, Дауылпаз көшесінің тақ сандар жағымен Ақыртас көшесіне дейін, Ақыртас көшесінің тақ сандар жағымен Р. Қошқарбаев даңғылына дейін, Р. Қошқарбаев даңғылының жұп сандар жағымен Ш. Құдайбердіұлы даңғылына дейін.

№ 49 сайлау учаскесі
(орталығы – «NURORDA» мектеп-лицейі» мекемесі, Қ. Аманжолов көшесі, № 34)

Шекарасы: Р. Қошқарбаев даңғылынан Тәуелсіздік даңғылының жұп сандар жағымен Балқантау көшесіне дейін, Балқантау көшесінің жұп сандар жағымен Арғанаты көшесіне дейін, Арғанаты көшесінің жұп сандар жағымен С. Нұрмағамбетов көшесіне дейін, С. Нұрмағамбетов көшесінің тақ сандар жағымен Айнакөл көшесіне дейін, Айнакөл көшесінің тақ сандар жағымен Марқакөл көшесіне дейін, Марқакөл көшесінің тақ сандар жағымен Р. Қошқарбаев даңғылындағы № 11/2, 13 үйлерді қоса алғанда, Қарасаз көшесіне дейін, Қарасаз көшесінің тақ сандар жағымен Обаған көшесіне дейін, Обаған көшесінің тақ сандар жағымен Р. Қошқарбаев даңғылына дейін, Р. Қошқарбаев даңғылының тақ сандар жағымен Таскескен көшесіндегі № 17Б үйді қоса алғанда, Тәуелсіздік даңғылына дейін.

№ 50 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Б. Момышұлы даңғылы, № 5)

Шекарасы: Ақбұлақ бұлағынан Тәуелсіздік даңғылының тақ сандар жағымен Шарль де Голль көшесіне дейін, Шарль де Голль көшесінің тақ сандар жағымен А. Тоқпанов көшесіне дейін, А. Тоқпанов көшесінің тақ сандар жағымен Тасшоқы орамына дейін, Тасшоқы орамының тақ сандар жағымен Қ. Жалайыри көшесіне дейін, Қ. Жалайыри көшесінің тақ сандар жағымен Елім-ай көшесіне дейін, Есіл өзенінің бойымен Ақбұлақ бұлағына дейін, Ақбұлақ бұлағының бойымен Тәуелсіздік даңғылындағы № 21, 21/2, 21/4, 21/5, 21/6, 21/7, 21/9 үйлерді қоспағанда, Тәуелсіздік даңғылына дейін.

№ 51 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Б. Момышұлы даңғылы, № 5)

Шекарасы: Тәуелсіздік даңғылы, № 20, 22, 24А, 24Б, 26, 26/1, 28 үйлер, Б. Майлин көшесі, № 3, 3/2, 5, 5/1, 5/2 үйлер.

№ 52 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 116 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, М. Төлебаев көшесі, № 3)

Шекарасы: Айнакөл көшесінен Т. Жүргенов көшесінің жұп сандар жағымен Р. Қошқарбаев даңғылына дейін, Р. Қошқарбаев даңғылының тақ сандар жағымен Қордай көшесіне дейін, Қордай көшесінің тақ сандар жағымен Айнакөл көшесіне дейін, Айнакөл көшесінің жұп сандар жағымен Айнакөл көшесіндегі № 56, 56/1 үйлерді қоспағанда, Т. Жүргенов көшесіне дейін.

№ 53 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 32 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Абылай хан даңғылы, № 25/3)

Шекарасы: Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 17, 17/1, 19, 19/1, 19/2, 28 үйлер, күйші Дина көшесі, № 46, 46/1, 46/2 үйлер.

№ 54 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Бейімбет Майлин атындағы № 52 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Бурабай көшесі, № 38)

Шекарасы: Лепсі көшесінен Ш. Құдайбердіұлы даңғылының тақ сандар жағымен Ертіс көшесіне дейін, Ертіс көшесінің тақ сандар жағымен Абылай хан даңғылына дейін, Абылай хан даңғылының тақ сандар жағымен Ғ. Мұстафин көшесіне дейін, Ғ. Мұстафин көшесінің жұп сандар жағымен Ш. Құдайбердіұлы даңғылына дейін, Ш. Құдайбердіұлы даңғылының жұп сандар жағымен Ақарыс көшесіне дейін, Ақарыс көшесінің жұп сандар жағымен Қозыбасы көшесіне дейін, Қозыбасы көшесінің жұп сандар жағымен Ертіс көшесіне дейін, Ертіс көшесінің жұп сандар жағымен теміржол төсеміне дейін, теміржол төсемімен Лепсі көшесіне дейін, Лепсі көшесінің тақ сандар жағымен Ш. Құдайбердіұлы даңғылына дейін.

№ 55 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 25/3)

Шекарасы: Ғ. Мұстафин көшесі, № 15/2, 21, 21/1, 21/2, 21/3, 21/4 үйлер, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 25/4 үй.

№ 56 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Сұлтанбек Қожанов атындағы № 64 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ғ. Мүсірепов көшесі, № 15)

Шекарасы: Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 31, 31/1, 33 үйлер, Ғ. Мұстафин көшесі, № 13, 13А, 13/1, 15, 15/1 үйлер.

№ 57 сайлау учаскесі
(орталығы – «Spectrum» халықаралық мектебі» мекемесі, Р. Қошқарбаев даңғылы, № 11)

Шекарасы: М. Жұмабаев даңғылынан Айнакөл көшесінің жұп сандар жағымен Т. Жүргенов көшесіне дейін, Т. Жүргенов көшесінің тақ сандар жағымен Р. Қошқарбаев даңғылына дейін, Р. Қошқарбаев даңғылының тақ сандар жағымен М. Жұмабаев даңғылына дейін, М. Жұмабаев даңғылының жұп сандар жағымен Айнакөл көшесіндегі № 56, 56/1 үйлерді қоса алғанда, Айнакөл көшесіне дейін.

№ 58 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Ақжан Әл-Машани атындағы № 92 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, А351 көшесі, № 3)

Шекарасы: Тәуелсіздік даңғылы, № 31/2, 31/3, 31/4, 33, 33/1, 33/2 үйлер, А. Тоқпанов көшесі, № 8, 8/1, 8/2, 8/3, 8/4, 8/5 үйлер, Б. Момышұлы даңғылы, № 7, 9, 11 үйлер.

№ 59 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 116 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, М. Төлебаев көшесі, № 3)

Шекарасы: Балқантау көшесінен Шабыт орамының жұп сандар жағымен Обаған көшесіне дейін, Обаған көшесінен «Достық» шағын бағының оңтүстік жағына дейін, «Достық» шағын бағының оңтүстік жағымен М. Төлебаев көшесіне дейін, М. Төлебаев көшесінің тақ сандар жағымен Бурабай көшесіне дейін, Бурабай көшесінің жұп сандар жағымен Абылай хан даңғылына дейін, Абылай хан даңғылының жұп сандар жағымен Арал орамына дейін, Арал орамының тақ сандар жағымен Майдақоңыр көшесіне дейін, Майдақоңыр көшесінің жұп сандар жағымен Қызылкөл орамына дейін, Қызылкөл орамының тақ сандар жағымен М. Төлебаев көшесіне дейін, М. Төлебаев көшесінің жұп сандар жағымен Балқантау көшесіне дейін, Балқантау көшесінің тақ сандар жағымен Шабыт орамына дейін.

№ 60 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Достық үйі» ғимараты, Б. Момышұлы даңғылы, № 26)

Шекарасы: Қордай көшесінен Б. Момышұлы даңғылының жұп сандар жағымен Абылай хан даңғылына дейін, Абылай хан даңғылының жұп сандар жағымен Бурабай көшесіне дейін, Бурабай көшесінің тақ сандар жағымен М. Төлебаев көшесіне дейін, М. Төлебаев көшесінің жұп сандар жағымен «Достық» шағын бағының оңтүстік жағына дейін, «Достық» шағын бағының оңтүстік жағымен Обаған көшесіне дейін, Обаған көшесінің тақ сандар жағымен Қордай көшесіне дейін, Қордай көшесінің жұп сандар жағымен Б. Момышұлы даңғылына дейін.

№ 61 сайлау учаскесі
(орталығы – «NURORDA» мектеп-лицейі» мекемесі, Қ. Аманжолов көшесі, № 34)

Шекарасы: М. Жұмабаев даңғылынан Р. Қошқарбаев даңғылының тақ сандар жағымен С. Нұрмағамбетов көшесіне дейін, С. Нұрмағамбетов көшесінің жұп сандар жағымен Балқантау көшесіне дейін, Балқантау көшесінің жұп сандар жағымен М. Жұмабаев даңғылына дейін, М. Жұмабаев даңғылының тақ сандар жағымен Р. Қошқарбаев даңғылына дейін.

№ 62 сайлау учаскесі
(орталығы – «Астана қаласындағы Д.А. Қонаев атындағы колледж» мекемесі, Манас көшесі, № 23/2)

Шекарасы: Манас көшесі, № 20, 20/2, 22/1, 22/2, 22/3 үйлер.

№ 63 сайлау учаскесі
(орталығы – «Spectrum» халықаралық мектебі» мекемесі, Р. Қошқарбаев даңғылы, № 11)

Шекарасы: Р. Қошқарбаев даңғылы, № 15, 15А, 15/2, 23, 25, 27, 27/1, 27/2 үйлер, Айнакөл көшесі, № 66, 66/1 үйлер.

№ 64 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Райымбек батыр атындағы № 50 «Қазғарыш» мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, күйші Дина көшесі, № 6)

Шекарасы: күйші Дина көшесі, № 1, 1/1, 2/1, 2/2, 4, 4/1, 4/2, 5, 5/1, 20 үйлер.

№ 482 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 114 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, І. Жансүгіруұлы көшесі, № 1)

Шекарасы: Манас көшесінен Ш. Құдайбердіұлы даңғылының тақ сандар жағымен Есіл өзенінің жағалауына дейін, Есіл өзенінің жағалауымен теміржол төсеміне дейін, теміржол төсемімен Манас көшесіне дейін, Манас көшесінің тақ сандар жағымен, Манас көшесіндегі № 13/1, 13/2, 15 үйлер мен Ш. Құдайбердіұлы даңғылындағы № 20, 22, 22/1, 24/1 үйлерді қоса алғанда, Ш. Құдайбердіұлы даңғылындағы № 5 үйді қоспағанда, Ш. Құдайбердіұлы даңғылына дейін.

№ 483 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Б. Момышұлы даңғылы, № 5)

Шекарасы: Тәуелсіздік даңғылы, № 23, 23/1, 25, 25/1 үйлер, А. Тоқпанов көшесі, № 20, 22 үйлер, Қ. Жалайыри көшесі, № 7 үй, Тасшоқы орамы, № 2, 4, 6 үйлер.

№ 484 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 116 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, М. Төлебаев көшесі, № 3)

Шекарасы: Қордай көшесінен Р. Қошқарбаев даңғылының тақ сандар жағымен М. Төлебаев көшесіне дейін, М. Төлебаев көшесінің тақ сандар жағымен Балқантау көшесіне дейін, Балқантау көшесінің жұп сандар жағымен Қордай көшесіне дейін, Қордай көшесінің жұп сандар жағымен Р. Қошқарбаев даңғылына дейін.

№ 65 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, І. Жансүгіруұлы көшесі, № 12)

Шекарасы: І. Жансүгіруұлы көшесі, № 12 үй.

№ 66 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық көпсалалы фтизиопульмонология және ішкі аурулар орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, «Железнодорожный» тұрғын алабы, А1 көшесі, № 5, Б блогы)

Шекарасы: «Железнодорожный» тұрғын алабы, А1 көшесі, № 5, Б блогы.

№ 67 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Көпсалалы медицина орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Манас көшесі, № 17)

Шекарасы: Манас көшесі, № 17 үй.

№ 68 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық перинаталдық орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Тәуелсіздік даңғылы, № 3/1)

Шекарасы: Тәуелсіздік даңғылы, № 3/1 үй.

№ 69 сайлау учаскесі
(орталығы – «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» акционерлік қоғамы, Абылай хан даңғылы, № 42)

Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 42 үй.

№ 70 сайлау учаскесі
(орталығы – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Академик Н.Д. Батпенов атындағы травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Абылай хан даңғылы, № 15А)

Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 15А үй.

№ 71 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық инфекциялық орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, «Железнодорожный» тұрғын алабы, А1 көше, № 5, В блогы)

Шекарасы: «Железнодорожный» тұрғын алабы, А1 көше, № 5, В блогы.

№ 72 сайлау учаскесі
(орталығы – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі Айрықша мақсаттағы күштері «Айбын» Президенттік полкі» 0112 әскери бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Абылай хан даңғылы, № 45)

Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 45 үй.

№ 73 сайлау учаскесі
(орталығы – Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «№ 2 көпбейінді облыстық аурухана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Манас көшесі, № 22)

Шекарасы: Манас көшесі, № 22 үй.

АСТАНА ҚАЛАСЫ «БАЙҚОҢЫР» АУДАНЫНЫҢ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІ

№ 74 сайлау учаскесі
(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Жамбыл Жабаев атындағы № 4 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ш. Айманов көшесі, № 3)

